Әли БЕКТАЕВ, *ҚР Парламент Сенатының депутаты:*

АУЫЛДЫҢ ТЕҢ ЖАРТЫСЫ ТАРАУДЫҢ АЛДЫНДА ТҰР

5-*бет*

ЗАҢ газеті

zangazet@mail.ru

№12 (3440) 11 ақпан 2022

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ҚОҒАМДЫҚ КОМИССИЯЛАР **АҚИҚАТТЫ** АШУҒА АТСАЛЫСУДА

Елдегі қаңтар трагедиясынан кейін оқиғаның себебі мен салдарын зерттеп, зерделеу мақсатында бірнеше қоғамдық комиссия құрылған еді. Бүгінгі таңда комиссия мүшелері қаңтардағы қасіретті оқиғаның ақиқатын ашуға, жәбір көрген, азапталған азаматтардың атыжөнін анықтап, оларға құқықтық көмектер көрсетуге, әділетсіз айыпталып, негізсіз қудалауға ілініп кеткендерді арашалауға белсене кірісіп кетті.

(Жалғасы 3-бетте)

КЕЗ КЕЛГЕН ЗАҢ ХАЛЫҚ ИГІЛІГІ ҮШІН

4-*бет*

ҮМІТ ПЕН КҮДІК

8-*бет*

МӘСЕЛЕ

СПОРТ ИНДУСТРИЯСЫ НАРЫҒЫНДА БІЗ ӘЛІ ТҰТЫНУШЫМЫЗ

Спорт индустриясы нарығының көлемі оның ауқымы мен құрамына кіретін салалардың түріне қарай дерек көздерінде әртүрлі бағаланып, көрсетіліп жүр. Мәселен, спорт құралдары мен киім-кешектің өзі ғана 100-150 млрд доллар аралығында деп бағалануда. Ал оның 60 пайызы спорттық құрал-жабдықтың, 40 пайызы киімнің, 20 пайызы аяқ киімнің үлесіне тиеді екен. Егер бұған оларды жалға беру мен спорттық және өзге де ойын-сауық шараларын ұйымдастыру қызметтерін қосатын болсақ нарықтың ауқымы тағы да еселеп артары күмәнсіз.

Мәселен, ұлттық статистика бюросының мәліметіне қарағанда, 2021 жылдың бірінші тоқсанында алдыңғы жылдың сәйкес уақытымен салыстырғанда спорт саласындағы демалыс пен көңіл көтеруді ұйымдастыру көлемі, 84,6 млрд теңгеден 48,3 млрд теңгеге дейін 2 есеге жуық азайды. 2019 жылдың қаңтар-наурыз айларымен салыстырғанда 2020 жылы дәл осы уақытта ол 70 пайыздай жоғары болғанын ескерсек, коронавирус індеті нарықтың дамуына айтарлықтай кері әсер еткенін аңғару қиын емес. Атап айтқанда, былтыр 1 тоқсанда алдыңғы жылдың сәйкес уақытымен салыстырғанда фитнес-клубтар қызметі көлемі 2,5-тен 9 млрд теңгеге өскенімен, спорт клубтарының қызметі 7,2-ден 4,9 млрд, спорттық нысандарды іске қосу 4,8-ден 4,1 млрд, спорт саласындағы өзге қызметтер 48,3-тен 9,4 млрд теңгеге дейін кеміді.

Қытай қалай әлемдік көшбасшыға айналды?

Әлемнің дамыған елдерінің бәрі салауатты өмір салтын ұстану мен бұқаралық спорттағы оң үдерісті ескере отырып, спорт индустриясын ел экономикасын дамытудың басты бағытына айналдыруға күш салуда. Мәселен, Бейжіндегі XXIV қысқы Олимпиада ойындарына дейін елдің 300 млн тұрғынын қысқы спорт түрлеріне тартуды алдарына мақсат етіп қойған Қытай билігі, бұл бағыттағы өз бағдарламасының мерзімінен бұрын жүзеге асқанын жариялады. Бұл үрдіс олардың 2015 жылы 2022 жылғы қысқы Олимпиада ойындарын өткізу құқын жеңіп алуынан кейін жоғары қарқынмен жүрді. Қысқы спортпен тұрақты айналысушылар санын арттыру үшін ғылыми түрде зерттеліп, негізделген кешенді бағдарлама нәтижесінде әлемдегі брендтік спорттық құрал-жабдықтар мен киім-кешек өндірушілерінің бәрі онда өз өндіріс орындарын ашты. Соның нәтижесінде қысқа уақытта спорттық киім-кешек пен жабдықтарды импорттаушыдан экспорттаушыға айналған Қытай әлемдік спорт индустриясының көшбасшысына айнала бастады. Бүгінде ол ең ірі ойыншы ретінде бүкіл нарықты алға сүйреуде. Қытайдың туризм академиясының есебіне қарағанда, 2020–2021 жылдары таушаңғысы курорттарына келушілер саны 230 млн адамды құраған.

(Соңы 3-бетте)

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘҢГІМЕ

Талғат ОМАР,
доғарыстағы судья:

«ОҢТАЙЛАНДЫРУ ЗАҢСЫЗДЫҚТЫ АРТТЫРУЫ МҮМКІН»

– Талғат Омарұлы, республикада 21 соттың қысқартылып, бір-біріне қосылатыны белгілі болып отыр. Судья болып ұзақ жыл қызмет атқарып, сот саласының қыр-сырын терең меңгерген жан ретінде бұл бастамаға көзқарасыңыз қалай?

– Оңтайландыру шенеуніктердің соңғы кезде жиі қолданатын сөзінің біріне айналды. Бұл шара оң нәтижесін беріп жатса әңгіме жоқ. Өкінішке қарай, көп жағдайда алды-артын сараптап, екшеп алмай оңтайландыру, жұмысты жөндеудің орнына кері кетіріп жатады.

(Соңы 4-бетте)

БАСТАМА

СОТТАРДЫҢ КӘСІБИ МЕРЕКЕСІНІҢ БЕЛГІЛЕНУІ – ЗОР МӘРТЕБЕ

Әділдік – мемлекеттегі тұрақтылық пен татулықтың, тыныштықтың негізі. Ал әділдіктің орнығуы сот жұмысының сапасына, тазалығына тәуелді. Соған орай, Қазақстан Республикасының атынан үкім ететін сот билігінің беделіне ерекше назар аударылған.

Мемлекеттің бас құжаты саналатын Конституцияның жетінші бөлімі соттар мен сот төрелігіне бағытталған. Ата Заңның 75-бабында айшықталғандай «Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек сот қана жүзеге асырады». Сонымен қатар 77-бапта «Судья сот төрелігін іске асыру кезінде тәуелсіз және Конституция мен заңға ғана бағынады» деп көрсетілген. Осыған орай, сот төрелігін іске асыру кезінде сот қызметіне қандай да болсын араласуға жол берілмейді. Егер сотқа ықпал ету, сот жұмысына кедергі келтіру деректері айқындалса, мұндай қадам заң бойынша үлкен жауапкершілікке соқтырады. Осыдан-ақ, әділ соттың жүзеге асуына мемлекеттің айрықша мүдделі екені байқалады.

Әрине, адам тағдырына төрелік ету оңай жұмыс емес. Қателесуге құқығы жоқ екі мамандықтың бірі дәрігер болса, екіншісі сот екені мәлім. Өйткені, екеуінің қатесі адам өмірін бүлдіруге ықпалды. Әрбір істі жан-жақты таразылап, жүрегінен өткізіп барып қорытынды жасайтын сот жұмысының жауаптылығын осыдан-ақ байқауға болады. Ал үлкен міндет арқалаған судьялар мен сот қызметкерлерінің осы уақытқа дейін кәсіби мерекелерінің болмағаны қоғам тарапынан жиі айтылып келген еді. Мұны әріптестеріміз де аз айтқан жоқ.

Шынында ақ халатты абзал жандардың да, ұлағатты ұстаздардың да, полиция, прокуратура, әділет органдарының да төл мерекесі бар. Керек десеңіз, медицина мамандары мен полиция қызметкерлерінің қызмет еткен саласына қарай арнайы мерекелік датасы да белгіленген. Айталық, жол сақшылары, тергеушілер, криминалистер, жедел уәкілдер полиция күнімен бірге өздерінің профильді салалық мерекесін де атап өтіп жатады. Өкінішке орай, бүгінгі күнге дейін судьялар мен сот қызметкерлерінің кәсіби мерекесі ескерілмеді.

Соған орай әріптестеріміз 30 тамыз Конституция күнінде бір-біріне жылы сөз арнап, осы күнді мереке ретінде қабылдады. Тіпті, арнайы мерекелік дата белгілегенде 30 тамызды ұсыну керек деп пікір білдірушілер де болды. Өйткені, қалай айтсақ та сот жұмысын Конституциядан, бас құжаттан бөліп қарай алмаймыз Одан бөлек, «Сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы» конституциялық заң қабылданған күнді мереке етіп белгілеуді ұсынғандар да аз емес. Теориялық тұрғыдан бұл да дұрыс бастама еді. Көпшілік арасында үнемі талқылау тақырыбына айналған өзекті мәселе жақында ресми түрде шешімін таппақ.

ҚР Жоғарғы Соты «Қазақстандағы мереке күндерінің тізбесіне өзгерістер енгізу туралы» Үкімет қаулысының жобасын дайындады. Өзгеріске сәйкес, мереке күндерінің тізбесі 13-1-тармақпен толықтырылып, 24 маусым – Сот және сот қызметкерлері күні болып белгіленбек.

Сот қызметкерлері күнін арнайы белгілеу конституциялық негіздерді дамытуға, заңдылықты қамтамасыз етуге, жеке адамның құқығы мен заңды мүддесін қорғауға қосқан үлесі үшін сот қызметкерлеріне құрмет деп атасақ ақиқаттан алыстай қоймаймыз. Әрі дәл осы 24 маусымды «Сот және сот қызметкері күні» кәсіби мерекесі деп қалыптастырудың өзіндік мәні бар. Бұлай болатыны 1992 жылы 24 маусымда тәуелсіздіктің алғашқы күнінен бастап қолданыста болған «Қазақ КСР-нің сот жүйесі туралы» заңға тек соттың сот төрелігін жүзеге асыруы туралы өзгерістер мен толықтырулар енгізілген болатын. Сонымен қатар, онда республика соттары болып Жоғарғы Сот пен жергілікті соттар (облыстық, қалалық, аудандық), сонымен бірге жаңадан құрылған әскери соттар көрсетілген.

Қазір бұл құжат қоғамдық талқылау үшін «Ашық НҚА» сайтында жарияланып отыр. 21 ақпанға дейін қызу талқыдан өткен бұл ұсыныс көпшілік тарапынан қолдау табады деп сенеміз.

Мақсат САДЫҚОВ,
Алматы облысы
№2 мамандандырылған
ауданаралық әкімшілік сотының
судьясы
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

ОҢ ҚАДАМ

ІЗГІЛІК АКТІСІ

Қазақстанның құқық қорғау жүйесін реформалауда заң үстемдігін қамтамасыз ету үлкен басымдыққа ие. Соңғы бірнеше жылдықта қылмыстық құдалау жүйесін жаңғыртудың базалық бағыты жетілдірілді. Қылмыстық заңнаманың репрессивтілігі төмендетілді. Жаза тағайындау кезінде ұстанымдардың өзгеруі, бас бостандығынан айыруға баламалы шараларды кеңінен қолдану, жазалаудың жаңа түрі ретінде еселік айыппұлдарды енгізу осының дәлелі.

Жалпы, заңдарды ізгілендіріп, түрме халқының санын азайту мен сотталғандардың жазасын кешірудің тағы бір жолы – рақымшылық жасау. Былтыр Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев жоғары ізгілік қағидаттарын басшылыққа ала отырып, жаза басқан адамдарға қатысты «Қазақстан Республикасы мемлекеттік тәуелсіздігінің отыз жылдығына байланысты рақымшылық жасау туралы» заңына қол қойды. Осы заңды қолдану соттарға, қылмыстық процесті жүргізуші органдарға, жазаны орындаушы мекемелерге жүктелді. Заңның негізгі мақсаты – адам құқықтарын сақтау, мемлекеттің ұзақ мерзімді құқықтық саясат тұжырымдамасын өмірге нақты енгізу, халықаралық пактіде көрсетілген азаматтық және саяси құқықтарды, Конституция нормаларын сақтау болып табылады.

Рақымшылық заңы бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеушілердің санын қысқартады, өз ісіне өкінгендерге мүмкіндік береді, өткеннен сабақ алуға мәжбүрлейді, ең бастысы мемлекет шығынын үнемдейді. Адам және азаматтың, оның ішінде сотталғандардың құқықтарын сақтау Қазақстанның халықаралық имиджін қалыптастырады. Тәуелсіздік алғалы бері елімізде «Рақымшылық туралы» заң 1994 жылдан бері тоғыз рет жасалды. Оның ішінде биылғы қабылданған заң туралы айтар болсақ, мұнда нақты және анық қысқартылған қолдану тәртібі көрсетілген.

Айта кетерлігі, рақымшылық заңы террористік, экстремистік қылмыстар мен азаптаулар жасаған; қылмысты қайталап жасағандар; өмір бойына бас бостандығынан айыру тағайындалған; қылмысты топ боп жасаған; жазасын өтеу кезінде қасақана қылмыс жасаған; кісі өлтіру, өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізу, денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру, ВИЧ/ЖҚТБ жұқтыруы, заңсыз аборт жасау, зорлау, нәпсіқұмарлық сипаттағы кез келген іс-әрекеттер, адам ұрлау, кәмелетке толмаған адамдарға қатысты іс-әрекеттер, ұрлық, алаяқтық, тонау, қарақшылық, жаппай тәртіпсіздіктер, есірткі заттары немесе психотроптық заттарға қатысты іс-әрекеттер, заңсыз ойын бизнесін ұйымдастыру, заңсыз аңшылық, өсімдіктер мен жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерімен заңсыз іс-әрекеттер, пара алу, беру және т.б. әрекеттер үшін сотталған адамдарға қолданылмайды. Мұнда аталмаған және кейбір бөліктеріне қатысты жекелей қарастырылатын баптар да бар. Бірақ осы аталғандарды қоғамның ашық проблемасына айналған қылмыстар санатына жатқызуға болады.

Бұл заңда бұған дейінгі сегіз рақымшылық заңымен салыстырғанда жазадан босатылатын адамдардың санаты кеңейген. Яғни, қылмыстық жауаптылықтан немесе негізгі жазадан қылмыстық теріс қылықтар және онша ауыр емес қылмыстар жасаған адамдар, залал келтіруге әкеп соқпаған не оны толық өтеген немесе ол бойынша азаматтық талап қойылмаған ауырлығы орташа қылмыс жасаған адамдар, залалдың немесе азаматтық талап қоюдың бар-жоғына қарамастан, ауырлығы орташа қылмыс жасаған әлеуметтік жағынан осал адамдар босатылады. Бұл санатқа 18 жасқа толмағандар, 50 жастан асқан әйелдер мен 60 жастан асқан ерлер, жүкті әйелдер, он сегіз жасқа толмаған баласы бар әйелдер, жалғыз ата-анасы болып табылатын не мүгедек баласы бар ер адамдар, бірінші немесе екінші топтағы мүгедектер жатады.

Тәуелсіздік жылдарындағы рақымшылық акциялары нәтижесінде жалпы саны 53 862 сотталған бостандыққа шықты, 10 926 сотталғанның жаза мерзімі кемітілді. Бүгінгі күнге Ақтау қалалық сотында 12 тұлға қылмыстық іс бойынша жауапкершіліктен босатылды. Қылмыстық атқару органдарынан түскен сотталғандарды осы заңға сәйкес қылмыстық жауапкершіліктен босату туралы 103 материал қаралып, 71 тұлғаға қатысты жазадан босату, 32 тұлғаға қатысты жаза мерзімін қысқарту туралы материалдар қаралды.

Қылмыстық-процестік кодекстің 476-бабының 15-тармағына сәйкес, амнистия жасауға қатысты соңғы шешімді сот жеке-жеке қабылдайды. Соттар заң қабылданған күннен бастап алты ай бойы рақымшылық жасау туралы істер мен материалдарды қарайды. Осы заңмен елде 3-4 мыңға жуық сотталған жазадан босатылуы және жаза мерзімі қысқартылуы мүмкін.

Азаматтар мен мемлекет қауіпсіздігіне қауіп төндірмейтін қылмысы үшін жауапқа тартылғандарға және жоғарыда атап өткендей, әлеуметтік жағынан осал топтарға рақымшылық жасау мемлекет үшін де, сотталғандар үшін де әрі сабақ, әрі тиімді әрекет болады деп білеміз.

Б.ШАЙДУЛЛИН,
Ақтау қалалық сотының төрағасы

БЕЗБЕН

БІТІМ – КЕЛІСПЕУШІЛІКТІ ЖОЮДЫҢ ЕҢ ҚОЛАЙЛЫ ӘДІСІ

Сот ісінде қос тарапты риза ететіндей заңды шешім табу өте қиын. Осы жағдайдан шығудың бір жолы – бітімгершілік келісім жасасу. Өйткені, даулы мәселелерді келіссөздер арқылы дербес шешу азаматтық-құқықтық қатынастарға қатысушылар арасындағы келіспеушіліктерді жоюдың ең қолайлы әдісі болып табылады.

Істі мәні бойынша қарауды бастаған сот тараптарға құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді. Оның ішінде сот тараптарға татуластыру рәсімдерімен дауды қысқарту құқығын жеке түсіндіреді және тараптардың істі бітімгершілік келісіммен аяқтауға қатысты пікірін анықтайды.

Әдетте, сот талқылауының басында тараптар бұған өте сирек дайын болады. Бітімгершілік келісімнің шарттары сот процесінде дәлелдемелерді зерттеу барысында қалыптастырылуы мүмкін. Сондықтан сот істің мәні бойынша шешім шығару үшін кеңесу бөлмесіне кеткенге дейін тараптардың істі бітімгершілік келісіммен аяқтауына мүмкіндігі барын ескерту міндет.

Татуласу келісімін тараптар міндетті түрде жазбаша нысанда жасасуы және оларға өздері немесе олардың өкілдері қол қоюы тиіс. Азаматтық процестік кодекстің – АПК) 61-бабына сәйкес, бітімгершілік келісім жасасуға өкілдің өкілеттіктері сенімхатта арнайы көзделуге тиіс. Бітімгершілік келісімнің шарттарын бекіту туралы арыздың түпнұсқасын осы келісімді бекіткен сот іс материалдарына қоса тіркейді. Келісім бекітілгенге дейін сот талап қоюшыға, жауапкерге немесе тараптарға тиісті процестік әрекеттердің салдарын түсіндіреді. Атап айтқанда, егер тараптар татуласу келісімін жасаса және оны сот бекіткен болса, АПК-нің 177-бабының 3-тармағына сәйкес сот іс бойынша іс жүргізуді тоқтатады. АПК-нің 278-бабының 2-тармағында іс бойынша іс жүргізу тоқтатылған жағдайда сол тараптар арасындағы, сол нысана туралы және сол негіздердегі дау бойынша сотқа екінші рет жүгінуге жол берілмейтіні көзделген.

Сот тараптардың бітімгершілік келісімді бекіту туралы өтінішін сөзсіз қабылдауға құқылы емес. Келісім жасасу тараптардың кез келген басқа өкімдік іс-әрекеті сияқты, соттың бақылауымен жүзеге асырылады, ол тараптар ұсынған татуласу келісімі заңға қайшы келмейтінін, оның басқа адамдардың құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін бұзбайтынын әр кезде тексеруге тиіс, көрсетілген мән-жайлар болғанда сот бітімгершілік келісімді бекітуден бас тартуға тиіс.

Істі мұқият зерделеу кезінде сот әрдайым дау үшінші тұлғалардың мүдделеріне әсер ететінін және оларды өз бастамасы бойынша уақытылы тарту мүмкіндігіне ие болатындығын қадағалай алады. Соттың бұл әрекеттері басқа адамдардың құқықтарын алдын ала бұзуға жол бермейді, сондай-ақ, бітімгершілік келісім шарттарының заңдылығына ықпал етеді. Келісімнің шарттарына іске қатысатын үшінші тұлғалар да қол қоюға тиіс.

Татуласу келісімінде міндеттемелерді орындау шарттары, мөлшері және мерзімдері туралы тараптар келіскен мәліметтер қамтылуға тиіс. Шарттар нақты көрсетілуі керек. Егер сот бітімгершілік келісімнің шарттары үшінші тұлғалардың құқықтарын, мүдделері мен бостандықтарын бұзады деген қорытындыға келсе, ол бітімгершілік келісімнің шарттарын бекітуден бас тарту туралы ұйғарым шығарады және істі мәні бойынша қарауды жалғастырады. Соттың мұндай ұйғарымына жеке шағым берілуі мүмкін.

Өзінің іс жүргізу мәні бойынша бітімгершілік келісімді бекіту және іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы сот ұйғарымы сот шешіміне теңестіріледі. Татуласу келісімін оны жасасқан тұлғалар ерікті түрде және көзделген мерзімде орындайды. Ерікті түрде орындалмаған татуласу келісімі тараптың өтініші негізінде сот берген атқару парағының негізінде мәжбүрлеп орындатуға жатады.

С.ЖУМАШКИНА,
Хромтау аудандық сотының
судьясы
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

ХАБАРЛАМА

ҰЛТТЫҚ ПАРККЕ ҚАЙТАРЫЛДЫ

Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің баспасөз қызметі таратқан хабарламаға қарағанда, ҚР Үкіметінің қаулысымен Алматы қаласының Медеу ауданы Көкжайлау шатқалындағы 1002,0 га жер учаскесі «Іле Алатауы» мемлекеттік ұлттық табиғи паркіне қайтарылды. Басым бөлігін қылқан жапырақты шырша ормандары алып жатқан Көкжайлау ландшафттарының эстетикалық құндылығы, әсіресе Құмбел жотасының төменгі бөлігінде жақсы сақталған. Онда ҚР Қызыл кітабына енген Шренк шыршасының жатаған пішіні, Сиверс алмасы, Алатау өрігі, орташа пион, Виттрок рауғашы, Островский қызғалдағы, Алатау бәйшешегі, сынды тағы басқа да өсімдіктер өседі. Сондай-ақ, сүтқоректілердің – 57, құстардың – 200, бауырымен жорғалаушылардың – 4, қосмекенділердің – 3 және балықтардың 4 түрі кездеседі.

«Іле-Алатауы» ұлттық паркіне қарасты 1002,0 гектар жер учаскесі 2014 жылғы ерекше қорғалатын табиғи аумақтар санатынан «Көкжайлау» курортының құрылысы мен жұмыс істеуі үшін Алматы қаласы Медеу ауданының қосалқы жер санатына ауыстырылған болатын. 2021 жылы Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің бұйрығымен аталған аумақты «Іле Алатауы» паркіне қайтару мәселесін қарау жөніндегі комиссия құрылды. Комиссия мүшелері мемлекеттік экологиялық сараптаманың қорытындысына сәйкес ерекше қорғалатын табиғи аумақтар санатына қайтаруды заңды деп санады.

Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ҚОҒАМДЫҚ КОМИССИЯЛАР **АҚИҚАТТЫ** АШУҒА АТСАЛЫСУДА

(Соңы. Басы 1-бетте)

«Ақиқат» қоғамдық комиссиясына белгілі заңгер, құқық қорғаушы Айман Омарова жетекшілік етсе, «Аманат» ұйымын заңгер, адвокат Абзал Құспан басқарады. Екі комиссияның да құрамына белгілі құқық қорғаушылар, қоғам белсенділері мен қылмыстық іс жүргізу бойынша маманданған заңгерлер енген.

«Біз тәуелсіз қоғамдық комиссиямыз. Комиссия тек жәбірленушілерді, полицияны, соққыға жығылғандарды ғана тексеріп, зерттемейді. Қазақстанда неге осындай қанды оқиға болды? Осыған баса назар аударамыз. Түгел зерттейміз. Комиссия құрамында қорғаушылар болады, олардың барлығы тәжірибелі, қылмыстық істі қарайтын қорғаушылар. Комиссия мүшелерінің тізімі бар. Бірақ, олардың кім екенін қауіпсіздік үшін жариялямаймыз», – дейді Айман Омарова.

«Аманат» комиссиясы қайда, не істеп жатыр дерсіздер, олай деуге толық құқылысыздар. Біз Талдықорған қаласынан кейін Таразда жұмыс істеп, кеше Шымкент қаласына келдік. Талдықорғанда біз босатуды ұсынған 9 кәмелетке толмаған балаларды босатқанын естіп, қуанып қалдық.

Біздің ықпалымызбен босаған адамдардың жалпы саны 100-ге жуықтаған болуы керек, қазір тізімді қарап, ретке келтіруге де мұршамыз болмай кетті.

«Семей, Өскемен жағында біздің бір өкіліміз Ерлан Калиевтің жұмыс істеп жатқанына бір аптадай болды. Бүгін ол жақтан да жағымды жаңалықтар болып қалады деп отырмыз. Біздің тарапымыздан тек жекелеген адамдарды босату бағытында ғана емес, республикалық органдарға нақты ұсыныстар мен аналитикалық материалдар да жолдануда. Сәл қолымыз қалт еткенде ол жұмыстарымыз туралы да хабардар ететін боламыз» – дейді заңгер Абзал Құспан.

«Ақиқат» қоғамдық сараптау комиссиясы да азаматтардың құқығының бұзылмауын бақылау, анықтау мақсатында үздіксіз жұмыс істеуде. Комиссия өздерінің жұмыс нәтижелерін әлеуметтік желілердегі тікелей эфирлер, БАҚ материалдары негізінде жариялап, қоғаммен тығыз қарым-қатынас жасап отыр. Мәселен, 9 ақпан күні комиссия жетекшісі көпшілік алдына тікелей эфирге шығып, Алматы қаласындағы тергеу изоляторында отырған үш студенттің жайы мен Алматы қаласы, одан бөлек өзге облыстардағы прокуратура қызметкерлерінің жұмыстары жайлы баяндады. «Комиссия Алматыдағы ЛА155/18 тергеу изоляторында отырған үш студенттің митингіге мәжбүрлі түрде біреулердің күштеуімен қатысқанын анықтады. Бұл жерде мәжбүрлі экстремизм болуы мүмкін. Прокуратура олардың ата-аналарына қоғамдық қорғаушы ретінде қатысуға рұқсат беріпті. Біз жедел шешім қабылдаған прокуратура өкілдеріне өз тарапымыздан рақмет айтамыз. Енді біз оларға қатысты бұлтартпау шараларын өзгертулерін сұраймыз, оларды үйқамаққа шығарса дейміз. Соттың қалай шешілетіні әлі белгісіз. Бұл мәселе прокуратурада қарастырылып жатыр, ол туралы мәліметті біз алдағы уақытта тағы қосымша хабарлаймыз.

Қарапайым халық тарапынан прокуратураға қатысты шағым, өтініш, талап-тілектер көп. Әсіресе, Семей, Өскемен, Шымкент қалалары мен Жамбыл, Атырау облыстарының прокуратуралары жұмыс істемей жатыр деп жылап жатқан халық көп. Біз Бас прокурордан осы жағдайларға назар аударуын сұраймыз, – дейді. Одан бөлек, комиссия Еуропа Одағының Орталық Азия жөніндегі арнаулы өкілдерімен кездескен.

Билік, мемлекеттік басқару, жергілікті атқарушы билік тарапына қатысты қоғамдық наразы көңіл-күйдің көптігі жасырын емес. Сол себепті де, ол жағдайлардың әрқайсысының себеп салдарын анықтап, ашық диалог алаңында пікірлесу маңызды. Бұл міндетті бүгін аталмыш комиссиялар абыроймен атқаруда.

Жадыра ҚҰДАЙБЕРГЕН

ТҮЙТКІЛ

МАСКҮНЕМ АНА, ҚАРАУСЫЗ БАЛА

Ақтөбеде анасы ішімдік ішіп, кішкентай екі сәби қараусыз қалған. Қолайсыз отбасында тұрып жатқан балалар сәбилер үйіне орналастырылды.

№3 полиция бөлімінің кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі инспекторлары кезекті рейд барысында кафелердің бірінде алкогольдік мас күйінде жүрген жас әйелді байқаған. Онымен әңгімелесу барысында 26 жаста екені және екі кішкентай баласының бар екені белгілі болды. Полиция қызметкерлері әйелді бөлімге жеткізіп, сараптама жүргізді. Тексеру кезінде келіншектің орташа алкогольдік мас күйде екені белгілі болды.

Әйел сол күні алаяқтық жасаған екен. Оны инспекторлармен сөйлескеннен кейін тергеушілерге жауап алу үшін алып кетті. Осыдан кейін полиция аға инспекторы Ботагөз Жалекешева бастаған полиция қызметкерлері әйелдің тұрғылықты мекенжайына барды.

– Бұл үйден қолайсыз отбасында қалыптасқан әдеттегі көріністі көрдік. Үйде жасы 3-ке де толмаған екі кішкентай бала болды. Олардың қасында келіншектің ағасы бар еді. Алайда ол да масаң күйде жүрді. Балаларды шұғыл түрде ауруханаға жеткізу керек болды. Олардың қысқы киімі де жоқ екен. Біз көршілерден ауруханаға баруға уақытша қысқы киімдер сұрап алдық, – дейді Ботагөз Жалекешова.

Дәрігерлер екі балаға «Жедел респираторлы вирусты инфекция» диагнозын қойған. Олардың екеуінің де дене қызуы көтерілген екен. Полицейлер балаларды сауығып, ауруханадан шыққаннан кейін «Үміт» сәбилер үйіне орналастырды. Бүгінгі күні қолайсыз отбасының жағдайы туралы материал Ақтөбе қаласы әкімдігінің жанындағы кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның қарауына жіберілген. Алайда балаларын іздеудің орнына әйел полициядан шыққаннан кейін мекенжайын жасырып, жоғалып кеткен. Бүгінде полиция көкек ананы іздеп жатыр.

Айта кетелік, қазіргі кезде Ақтөбе облысы бойынша ювеналды полиция есебінде 319 қолайсыз отбасы тұр. Өткен жылы 23 ата-ана полицияның өтініші бойынша ата-ана құқығынан айырылды. Кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияда 668 материал қаралды. Полиция қызметкерлері тұрғындардан жағдайы нашар, балалары зардап шегетін, қаңғыбастыққа салынған немесе үнемі ұрып-соғатын отбасылар туралы көріп-білген жағдайда 102 телефонына дереу қоңырау шалып, хабарласуды сұрайды.

Жансая ЕСМАҒАНБЕТОВА
АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫ

МӘСЕЛЕ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Сондай-ақ, қысқы спорт түрлері саласына салынған инвестиция көлемі 3 жылда 140 млрд доллардан асқан. 2014 жылы бастап жыл сайынғы дәстүрлі шараға айналған Бүкілқытайлық қар мен мұздың бұқаралық маусымы қысқы спорт түрлерін дамыту мен насихаттауға серпін беруде. Оған қатысушылар саны 2014–2021 жылдары 10 млн-нан 100 млн-ға дейін өсуі соның көрінісі.

Ал демографиялық өсімі шектеліп, халқы қартая бастаған АҚШ пен Еуропа елдері 2008 жылы басталған әлемдік дағдарыстан әлі ес жия алмауд. Өз тұтынушысынан айырыла бастаған соң бизнесін Азия елдеріне қарай ойыстырған олардың инвестициялық әлеуеті өз экономикасына тиімді пайдаланылуда Қазақстан үкіметінің әзірге сөзі мен ісі қабыспай отыр. Мәселен, ҚР Үкіметінің 2020 жылғы 23 сәуірдегі № 242 қаулысымен бекітілген «Дене шынықтыру мен бұқаралық спортты дамыту жөніндегі 2020–2025 жылдарға арналған кешенді жоспарда» жергілікті бюджеттен (мың теңгемен) жалпы білім беретін мектептерді спорттық мүкәммалмен және жабдықтармен (жүгіру жолдары, көпфункционалды алаңдар – қысқы мұз айдындары және жазғы футбол алаңдарын қамтамасыз етуге 2021 жылы – 581 400, 2022 жылы – 566 800, 2023 жылы – 589 000, 2024 жылы – 609 200, 2025 жылы – 632 700 теңге қарастырылған. Ал ауылдық және қалалық елді мекендерде жаздық спорт ғимараттарының желісін дамытуға 2021 жылы – 6 203 100, 2022 жылы – 5 371 800, 2023 жылы – 5 302 500, 2024 жылы – 4 834 000, 2025 жылы – 5 625 800 теңге қарастырылған.

Өзгенікін зор санаудан қашан арыламыз?

ҚР Президентінің 2015 жылғы жарлығымен бекітілген Қазақстанда дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасында: халықты дене шынықтырумен және спортпен жүйелі шұғылдануға тартудың орташа көрсеткіші 35 %-ға дейін ұлғаяды; отандық спорттың танымал брендтері қалыптастырылады деп жоспарланған болатын. Алайда, саусақпен санарлық бұл брендтердің ішкі нарықтағы үлесі өте төмен. Олар көп жағдайда мекемелер мен ұйымдар тарапынан жасалатын корпоративтік тапсырыспен ғана күн көруде. Мәселен, еліміздегі тұңғыш спорттық киім-кешек бренді саналатын «ZIBROO» тауар белгісінің өндірушісі «КазСПО-N» ЖШС-і 2015 жылға дейін 7 жыл бойы жылына 30 пайыздық өсімге қол жеткізіп, айналымын 5 млн долларға жеткізген еді. Бұрын ірі компаниялардың тапсырысы бойынша бір адамдық топтамасы 80-120 мың теңге тұратын арнайы киім-кешектерді өндіріп келген серіктестік 2015 жылдан бастап 15-25 мың теңгенің эконом сыныптағы киімін өндіруге мәжбүр бола бастады. Жыл сайын спорттық тауарлар нарығы 15-20 пайызға дамып келе жатқан және жалпы көлемі 1-4 млрд доллар аралығында деп бағаланатын Ресейдің нарығына қазақстандық брендті насихаттап жүрген өндірушіге мемлекет тарапынан 15 жылда еш қолдау болған жоқ.

Қыс басталысымен ауыл болсын, қала болсын әрбір отбасы өз мүмкіндігіне қарай демалысты қызықты өткізуге тырысады.

СПОРТ **ИНДУСТРИЯСЫ НАРЫҒЫНДА** БІЗ ӘЛІ ТҰТЫНУШЫМЫЗ

Біреулер тау-шаңғысы курорттарын, екіншілері мұз айдындарын жағаласа, үшіншілері табиғат аясында серуендегенді жөн санайды. Бұл үшін шамасына қарай әркім қар мен мұзда сырғанау үшін шаңғы, коньки, шана, үрлемелі балондарды арнайы орындардан сатып не жалға алады. Спорттық жабдықтар мен арнайы киім-кешектің жалға алу бағасы 2 мың теңгеден басталып, топтамаға кіретін тауардың жаңа не көнелігіне және сапасына байланысты 10-15 мыңға дейін жетеді. Біреулер жылына, екіншілер айына, үшіншілер аптасына бір рет қана сырғанауға баратын болғандықтан көпшілігі оны сатып алғаннан, қажет кезде жалға алып тұрғанды жөн көреді. Қазір жасыратыны жоқ, елімізде жүгіру шаңғысы мен тау шаңғысын өндіретін кәсіпорындар жоқ. Дегенмен, соңғы жылдары сапасы жағынан да, бағасы жағынан да импорттық өнімнен еш кем түспейтін өз елімізде тігілетін спорттық киім-кешектің қатарына шана мен үрлемелі балон сияқты спорттық құрал-жабдықтар сауда орындарында бой көрсете бастады. Алайда сатушылардан да, сатып алушылардан да оң бағаға ие болып отырған бұл өнімдердің насихаты еш жерде жүргізілмейді. Сондықтан кейбіреулер тіпті қазақстандық өнім дегенді естісе, әлі күнге дейін оған күмәндана қарайтыны жасырын емес. Егер отандық өндірісті қолдап, жұмыс орнын көбейтеміз десек мемлекет оларды насихаттауды өз қолына алуы керек қой. Өзімізден өзгенікін зор санаудан осы уақытқа дейін ұтқанымыздан ұтылғанымыз көп болды ғой. Алмастыруға болатын импорттық өнімдер тізімін кеңейтіп, отандық өндірушіні қолдауда сөзден іске көшу «халық үніне құлақ асатын мемлекетте» жүзеге асатын іс.

Маман пікірі:

Елена СЕЧНИКОВА, Қазақстандағы спорттық киімдердің тұңғыш бренді саналатын «ZIBROO» иесі, «КазСПО-N» ЖШС бас директоры:

– Менің Қазақстанда киім өндірумен айналысып келе жатқаныма 25 жыл болды. Бүкіл жауапкершілікпен мәлімдей аламын, ширек ғасырдың ішінде жеңіл өнеркәсіп саласын қолдауды ешқашан байқамадым. Жеңіл өнеркәсіп қауымдастығы, жеңіл өнеркәсіп одағы тарапынан жасалған саланы дамыту бағдарламасының бірде-бір пункты қабылданған да, орындалған да жоқ. Соның нәтижесінде бүкіл жеңіл өнеркәсіп саласының жағдайы мүшкіл халде. Ол тек жұмыс киімдерінің мемлекеттік тапсырысымен ғана өмір сүруде. Сондықтан, спорттық киім нарығында отандық өндірушілердің үлесі 1 пайызға жетер-жетпес. Ал спорттық аяқ киімдер түгелдей сырттан импортталады.

«ZIBROO» тауар белгісімен 15 жылдан бері киім шығарамыз. Жергілікті нарықтан ешқандай қолдауды сезініп отырған жоқпыз. Биік мінбелерден қолдау жасалып жатыр, мемлекеттік тендер беріледі деп айтылғанымен, оның өзіндік қалтарыс, бұлтарысы мың сан қабат. Спорттық киім өндіретін санаулы отандық брендтердің қырғыз, өзбек, қытай, орыс, түрік өндірушілерімен бәсекелесуі экономикалық тұрғыдан өте қиын.

Қазақстан халқының салауатты өмір сүру салтын ұстану белсенділігі жыл өткен сайын артып келе жатқанын мойындау керек. Сондықтан, спортық киім-кешекке сұраныс бар. Тек жергілікті өндірушілерге шетелдік әріптестерімен бәсекелесу өте қиын. Салық айналымы өзгеше. Өзге елдерде мемлекет тарапынан өз өндірушілеріне қолдау шаралары жүйелі түрде жасалады.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘҢГІМЕ

Талғат ОМАР, ***доғарыстағы судья:***

«ОҢТАЙЛАНДЫРУ ЗАҢСЫЗДЫҚТЫ АРТТЫРУЫ МҮМКІН»

(Соңы. Басы 1-бетте)

Республикадағы 21 сотты оңтайландырамыз дегенді де өз басым оң нәтижеге жеткізетін қадам деп қабылдай алмадым. Жалпы, тек қана сотты емес, шекаралық аудандарды, халық аз тұратын аудандарды жауып, таратудың қажеті жоқ. КСРО-ның кезінде біз Қытаймен шекаралас аудандарда тұрдық. Сол кезде осы аймақтарға барған қызметкерлердің еңбекақысына 15 пайыз үстеме қосылатын. Яғни, осы өңірлерде адамдарды ұстау үшін мемлекет бірталай шығын шығарды. Қазір керісінше ондағы тұрындардың еңбекақыларын қысқартып, қала халқының табысын көбейтіп қояды. Мұндай жағдайда ол жақта кім тұрады? Айлыққа он бес пайыз қосқанда бұл аудандарға ақылды, іскер, орнықты адамдар барды. Қазір оларға бір орында тұрақтап қызмет істей алмайтындар, аннан-мыннан қашқандар барады. Бұлар ауылға не бере алады? Соның салдарынан ауылдардан береке қашып, тозып барады. Міне оңтайландырудың салдары. Егер керісінше алыс ауылдарға баратындар үшін жалақыға үстеме қосылса, оған нағыз өз ісінің шеберлері, мықты мамандар тартылып, ауылдың өсіп-өркендеуіне ықпал етер еді. Ауыл оңалса, ел тоғаяды дегендей, бұл бүкіл халқымыздың әл-ауқатының артуына септігін тигізеді. Өкінішке қарай, оңтайландырудың бей-берекет жүруі бүгінде көптеген ауылдың өміріне балта шапты. Мұның ақыры агроөнеркәсіп саласының кері кетуіне соқтыруда.

– Демек, сот саласындағы оңтайландырудың да осындай зардабы болады дейсіз ғой...

– Иә, аудандардан сот кетсе, олардан адамдар да кетеді деген сөз. Мен зейнетке шыққанға дейін екінші сатылы соттарда істедім. Өскеменнің қасында Табрия деген аудан болды. Бұл қалаға жақын еді. Оны бұрынғы Ақжар деген Тарбағатай ауданының орталығындағы Ақсуатқа қосып жіберді. Аудан орталықсыз қалды. Халқымыз «Төбесіз жер болмайды, төресіз ел болмайды» деген. Төбе деген – биіктік, оған шығып айналаға қарау керек. Төре деген – билік. Онсыз қалай ел тұрады? Сот – биліктің бір бұтағы. Соттарды қысқартуға олардың жүктемесінің аздығы негіз болуда. Бұл айтуға тұрмайтын мәселе. Басты мәселе билік кеткен жерден ойдың, сананың кететіні белгілі. Мұндай жағдайда ақылдылардың бәрі кетіп қалады. Дұрыс ақылдасатын, пікірлесетін адамдар қалмаған соң зиялы адамдар да ауылдан безе бастайды. Сапаның кетуі сананың да жоғалуына алып келді. Сондықтан бұл тек соттың ғана емес, тұтас қоғамның мәселесі. Тек қаржылық шығынды ойласақ, онда қоғамды ұмытамыз. Жалпы, қаржы не үшін керек, адамдар үшін керек емес пе? Сот егер тек бухгалтерияны ойлайтын болса, онда ол халықтан алшақ, оның мұң-мұқтажына бас қатырмайды деген сөз. Халыққа ең бірінші керегі – білім беретін мектеп. Ауылдың даму деңгейін мектептің бар-жоғымен өлшейді. Егер баласын оқытатын жер болмаса, оған кім барады. Екінші, аурухананың болуы. Үшіншіден, билік қажет. Халық қандай да бір келеңсіздіктің алдын алатын, орын алған жағдайда құқығын қорғайтын құзырлы орындардың болуын қалайды. Егер осылар жоқ болса, ол ауылдарда кім тұрады?

– Соттарды қысқартып, оңтайландырудағы мақсат қаржыны үнемдеуден туындап отыр ма сонда?

– Иә, мұндағы мақсат тек қаржыны үнемдеу, басқа ешнәрсе емес. Баяғыда бір қойшы болған. Сол ешкісі егіз тапса бір лағы семіз болуы үшін екіншісін бауыздап тастайды екен. Соттарды оңтайландыру да сол секілді әрекет. Қойшы лақтарды емес, өз пайдасын көздеп отыр. Сол секілді соттарды қысқарту да халықтың қамын ойлау емес, қалтаның қамын ойлау. Менің ойымша бұл тұрғыда мемлекеттік деңгейде кең пайым жоқ. Қоғам не болады? Бұл мәселе мүлде назардан тыс қалып отыр. Мысалы мен қызмет атқарған Ақжар деген ауыл бұрын Тарбағатай ауданының орталығы болған. Енді оңтайландырамыз деп, Семей облысының іргесіндегі Ақсуат ауданын таратып, Тарбағатай ауданы деп қалдырды да, Ақжардан аудан орталығын Ақсуатқа алып кетті. Сөйтіп, ауданның билігі жойылды. Ақжар мен Ақсуаттың орталығы жүз бес шақырым. Ортасында бір де бір елді мекен жоқ. Енді қазір Ақжардағы сотты тарататын болса, халық 105 шақырым жердегі оған қалай барады?

– Басқаны айтпағанда барып-келудің өзі қиындық тудыратын болады дейсіз ғой...

– Иә, ол жерге ғаламтор желісі де тартылмаған. Бұл Қытаймен арадағы шекараға 40 шақырым жерде ғана тұрған ауыл. Егер сотты қысқартатын болса, халық Ақсуатқа бармайды. Онсыз да ол жақтағы қауым аудан орталығы кеткеннен кейін көшіп кеткен. Бұрын ол ауданда 43 мың халық тұрса, қазір 25 мың ғана халық қалған. Енді ол жерден сотты алып кететін болса, онда кім қалады? Бұған дейін ол жерде халық өзіміздің сотымыз бар, билігіміз бар деп тұрақтап тұрды ғой. Оған тіпті ешкім бармаса да, ауданда болғанының өзі көңілге демеу еді. Малға қойған қарақшы тірі болмаса да, қасқырды қорқытып тұрады деген үміт болады ғой. Қарақшы болмаса, ол жойылады. Сот та сол жердің бір иесі секілді адамдарға ес болып, сес болып тұрады.

Жалпы біз көбіне мәселенің тек материалдық жағын қараймыз да, моральдық-психологиялық қырын ескермейміз. КСРО ақымақ билік болған жоқ. Ол идеологияны бірінші орынға қойған. Большевиктердің меньшевиктерді жеңгені олардың мықты идеолог болғандығынан. Әйтпесе, олардың қолында ақша да, байлық та болған жоқ, Ленин уақытша үкіметті идеямен, яғни, «жер шаруаларға, зауыттар жұмыскерлерге, билік халыққа» деген үш-ақ ауыз сөзбен жеңді. Идея ақшадан да күшті. Идеялық тұрғыдан, рухани тұрғыдан күшті қоғам қайшылықты да, тапшылықты да жеңеді. Олар болмаған қоғам бәрінен жеңіледі. Сот төре. Ол кеткен соң қоғамда сана да кетеді. Мәселе оның қанша іс қарағанында, қанша шешім шығарғанында емес.

– Сотты оңтайландырудың зардабы материалдықтан бұрын, моральдық тұрғыда да ауыр болады дейсіз ғой?

– Иә, сотты таратудың ақыры қоғамдағы қылмысты арттырады. Адамдар дауды жұдырықпен шешуге бейіл болады. 105 шақырым жерге жол жүру оңай емес қой. Оның үстіне сот орбитасына тартылған адам оған бірнеше рет бару керек. Кейбір істер үшін он рет сапарға шығуға тура келуі мүмкін. Кім бұлай салпақтап жүруді қалайды? Мұның сыртында оның шығынын көтеруге де екінің бірінің шамасы жете бермейді. Сондықтан адамдар құқықтарын өз білерменімен қорғауға көшеді. Тоқетерін айтқанда, қаржыны үнемдейміз деп көп нәрседен ұтылып, орны толмас өкінішке қаларымыз анық.

– Расында мұндай жағдайда қандай тәртіп болуы мүмкін?

– Жалпы, шекаралық аудандармен бұлай ойнауға болмайды. КСРО-ның кезінде застава тұрған жерде елді мекенде елу отбасыдан кем тұрғын болмау керек деген талап қойылған. Өйткені, шекараны бұзушылардың қырық пайызын халық ұстайды екен. Себебі, ондағы қызметкерлер жердің ой-қырын білмейді. Ал, жергілікті халыққа оның әрбір шұңқыры және адамдары таныс. Олар бөтен адамды бірден танып, өздерінің жасырын телефондарымен шекарашыларға хабарлап отырған. Мұның мемлекеттік қауіпсіздік үшін де маңызы зор. Бұл өте кешенді мәселе. Мәселені санамен, философиямен реттеу, ертеңгі күнмен өлшеу керек. Барлығын есеппен, бүгінгі күнмен ғана өлшеуге болмайды.

– Осы ретте оңтайландыруды сот өндірісінің онлайн режимде жүруімен байланыстыруда. Қашықта тұратын азаматтар сотқа келмей-ақ процеске онлайн қатыса алады дейді сот өкілдері. Бұл қаншалықты дұрыс?

– Қазір көптеген аудандарға ғаламтор желісі толыққанды жеткен жоқ. Кейбір елді мекендер үшін цифрландыру әзірге арман болып тұр. Мұндай жағдайда қандай онлайн сот туралы айтуға болады. Жалпы, өз басым онлайн сот тиімді болады дегенмен келісе алмаймын. Өйткені, онда тартысқа түсіп, судьяның көзіне тіке қарап тұрып көкейіндегіні айту мүмкіндігі шектеулі. Бұл амалсыздан жасалған қадам.

Шын мәнінде аудандық соттардың штаты көп емес. Оларда әрі кетсе бір судья мен бір хатшы ғана бар. Көбі коммуналдық төлемі қымбатқа түспейтін өз ғимаратында отыр. Қалыптасып қалған осы инфрақұрылымды, жүйені бұзбай, оларды осы қалпында сақтап қалудан өзге дұрыс шешім жоқ. Бұл тек соттардың емес, тұтас қоғамның мүддесіне сай келеді.

– Уақыт тауып, пікір білдіргеніңізге рақмет.

> ***Сот - биліктің бір бұтағы. Соттарды қысқартуға олардың жүктемесінің аздығы негіз болуда. Бұл айтуға тұрмайтын мәселе. Басты мәселе билік кеткен жерден ойдың, сананың кететіні белгілі. Мұндай жағдайда ақылдылардың бәрі кетіп қалады. Дұрыс ақылдасатын, пікірлесетін адамдар қалмаған соң зиялы адамдар да ауылдан безе бастайды. Сапаның кетуі сананың да жоғалуына алып келді. Сондықтан бұл тек соттың ғана емес, тұтас қоғамның мәселесі. Тек қаржылық шығынды ойласақ, онда қоғамды ұмытамыз.***

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»

ПАЙЫМ

Биылдан бастап азаматтық процестік заңнамаға дауларды сотқа дейін және сотта реттеу тәртібін жетілдіру мақсатында бірқатар өзгерістер енгізілді. «Азаматтық процестік заңнаманы жетілдіру және дауларды сотқа дейін және сотта реттеу институтын дамыту» мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының бірқатар заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң қабылданды.

КЕЗ КЕЛГЕН ЗАҢ ХАЛЫҚ ИГІЛІГІ ҮШІН

Заңдағы жаңа өзгерістерге келетін болсақ, бұрынғы «кәсіби емес медиатор» атауы «қоғамдық медиатор» деп өзгертілді. Яғни, медиатордың осы атына сай, қайтарымсыз, тегін қызмет көрсету, қоғамдық жұмыс ретінде ерікті түрде атқару міндеті кіреді. Осы жерде ірі қалаларда кәсіби медиацияның, ал ауыл-аймақтарда қоғамдық медиацияның дамып жатқанын атап өту керек. Кәсіби медиаторлар онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстардан бастап, азаматтық, әкімшілік дауларды да жүргізе береді. Заңда медиаторлар мен уәкілетті органдардың міндеттері, медиатордың құқықтары айқындалған. Онлайн-медиация рәсімін дамытуға бағытталған өзгерістер де енгізілген. Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің талабына сай жария-құқықтық даулар бойынша медиативтік келісім жасақтау мүмкіндігін қарастыратын норма қосылған.

«Үлгілі сот шешімі» мен «Сотқа дейінгі хаттама» деген жаңа түсініктер туралы да атап өткен жөн. «Үлгілі сот шешімі» институты бойынша жоғары тұрған сотқа тараптардың келісімімен көптеген ұқсас және біртектес істердің бірін талап ету, қабылдау, бірінші сатыдағы соттың ережелері бойынша қарау және ол бойынша үлгі болатын шешім шығару құқығы беріледі. Егер сот іс бойынша жағдайды басқаша деп санаса, басқа шешім қабылдайды. Үлгілі шешім тараптардың келісімімен ғана мүмкін болады.

Сотта бітімгер-судья бітімгерлік рәсімімен қарауға жататын талап арыз бойынша тараптар арасында татуластыру рәсімін жүргізеді. Судья тараптарға дауды бейбіт жолмен шешу мүмкіндігін, оның салдарын түсіндіреді, дәлелдемелерді аша отырып, сондай-ақ, дауды шешу нұсқаларын ұсынады. Тараптар да өз дәлелдемелерін жариялайды. Судья медиация келісімін жасауға ықпал ететін дәлелдемелерді ашып көрсете отырып, сотқа дейінгі хаттама толтырады. Тараптар келісімге келген жағдайда іс тоқтатылады.

Жаңа өзгерістер отбасылық дауларды айналып өтпеді. Ендігі жерде соттар неке бұзу дауларына қатысты ортақ мүлікті бөлу, балалардың тұрғылықты жерін анықтау, алимент өндіру секілді барлық мәселелерді процесті жүргізу барысында қарайды. Алимент өндіру бойынша келісімді бұрын сот пен нотариустар жасайтын болса, енді медиаторлар да, адвокаттар мен заң кеңесшілері де бітімгерлікке бастайтын келісімдерді жасақтай алады. Бұл келісім алимент төлеуге міндеттелген тұлғаның жұмыс орнындағы лауазымды азаматтар үшін орындауға жатады. Осы келісім негізінде болашақта алимент төлеген ата-аналар балаларынан көмек те сұрай алады.

Сондай-ақ, ажырасуға ниет білдірген тараптар бұған дейін азаматтардың хал-актілерін тіркеу бөліміне алдын ала жазылған уақытта келе алмаса, іс тағы бір айға созатын. Осылайша азаматтар некелерін бұзбайынша бір-бірінің қолының босауын, келуін күтіп, процесті созып жүре беретін. Ал, 2022 жылдан бастап егер тараптар неке бұзу туралы арызды қайта жазғаннан кейін де тараптардың бірі мемлекеттік тіркеу органына келе алмаса, орган өкілдері келе алмаған азаматтың нотариус арқылы неке бұзу туралы келісімі негізінде некені бұза алады. Бұл азаматтарды сергелдеңге салмай, уақытты үнемдеуге бағытталған. Айта кету керек, азаматтардың хал-актілерін тіркеу мекемесі арқылы неке бұзу тек тараптар арасында кәмелетке толмаған балалары және мүліктік даулары болмаған жағдайда ғана қаралады. Неке бұзу туралы істер сотта жалпы 6 айға дейін созылуы мүмкін. Сонымен қатар, тараптар арасында татуласу рәсімін жүргізу үшін де уақыт беріледі. Осы өзгерістердің нәтижесінде «Айтысып сөзге келгенше, ақылмен жөнге кел» демекші, сот залынан дауды мәдениетті түрде шешіп, қол алысып шығатындардың саны артып жатса нұр үстіне нұр болар еді.

Заң қай кезде де халқымыздың игілігі үшін қызмет етуі тиіс. Ендеше ел ішінде дау-дамай туа қалған жағдайда, алдымен іс бітімгерлік келісіммен қаралғаны абзал.

Айгүл ЕЛЕУСИНОВА,
Бейнеу аудандық соты төрағасының міндетін атқарушы
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТ

ЖАЗБАША ІС ЖҮРГІЗУ ПРОЦЕСТІК ҚҰҚЫҚТЫ ШЕКТЕМЕЙДІ

Жазбаша өндіріс әкімшілік қана емес, азаматтық, қылмыстық іс жүргізуде де қолданылады, сондықтан кодекс жаңа болса да, онда қолданылатын кейбір ұғымдар іс жүзінде бұрыннан таныс.

ӘРПК бойынша жазбаша іс жүргізу АПК-дегі сияқты оңайлатылған болып табылмайды, осыған байланысты АПК-нің 145-бабын қолдануға болмайды. Бұл нысан қандай істер бойынша қолданылады?

Жазбаша іс жүргізу қолданылатын істердің нақты тізбесі жоқ, бұл оны кез келген әкімшілік іс бойынша қолдану мүмкіндігін білдіреді. Сот тараптардың келісімімен әкімшілік істі жазбаша талқылауда ақылға қонымды, бірақ талап қойылған күннен бастап үш айдан аспайтын мерзімде қарауға құқылы. Аса күрделі әкімшілік істер бойынша бұл мерзім соттың уәжді ұйғарымымен ақылға қонымды, бірақ үш айдан аспайтын мерзімге ұзартылуы мүмкін.

Сот талқылауы мерзімін ұзарту туралы ұйғарым прокурордың өтінішхаты бойынша шағым жасауға, қайта қарауға жатпайды. Егер бұл істі дұрыс шешу үшін қажет болса, сот өз қалауы бойынша ауызша талқылауға көшуге құқылы. Жазбаша талқылау тәртібімен әкімшілік іс ауызша талқылауды жүргізбестен қаралады. Әкімшілік іс осындай тәртіппен қаралған кезде сот тараптар ұсынған және өз бастамасы бойынша талап етілген дәлелдемелерді зерттейді және олар бойынша шешім қабылданады.

Жазбаша талқылау кезінде сот қосымша сол мерзім ішінде өтінішхаттар мен құжаттарды ұсынуға болатын мерзімді тағайындайды. Жазбаша іс жүргізу тәртібінде қаралған әкімшілік іс бойынша шешім кодекстің 24-тарауында белгіленген және жазбаша іс жүргізудің мәніне сәйкес келетін ережелерді ескере отырып қабылданады, оған апелляциялық және кассациялық тәртіппен шағымдануға болады. Іс жазбаша іс жүргізу тәртібімен қаралған кезде тараптар татуластыру рәсімдерін қолдануға, дауды ішінара немесе толық реттеуге құқылы.

Біздің сотта былтырғы жылы 165 әкімшілік іс шешім шығару арқылы қаралып, аяқталған. Соның ішінде тек 5 іс жазбаша іс жүргізу тәртібімен қаралған. Жазбаша іс жүргізудің аз болуына себеп көп. Біріншіден, тараптар ауызша сот талқылауында сот алдында сөз сөйлеп, өз уәждерін айтып жеткізгісі келеді. Екіншіден, жазбаша іс жүргізуде өздерінің процестік құқықтары азаяды деп есептейді. Алайда, бұл іске қатысушылардың жеке субъективті пікірі және негізсіз. Себебі, жазбаша іс жүргізу ешқандай процестік құқықты шектемейді, соттың дәлелдемелерді, өтінішхаттарды ұсыну мерзімін беріп, кодексте көзделген дәлелдемелерді зерттеу ерекшеліктері, ауызша талқылау өткізу құқығының сақталуы, жалпы және жазбаша іс жүргізу арқылы шығарылған сот шешімін шағымдану тәртібінің бірыңғайлығы, меніңше, барлық процестік құқықтардың сақталуының кепілі.

Шынаргүл ШАЙДИЕВА,
Батыс Қазақстан облысы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы

№12 (3440)
11 ақпан 2022
zangazet@mail.ru
ЗАҢ газеті

Әли БЕКТАЕВ, ***ҚР Парламент Сенатының депутаты:***

АУЫЛДЫҢ ТЕҢ ЖАРТЫСЫ ТАРАУДЫҢ АЛДЫНДА ТҰР

– Әли Әбдікәрімұлы, Мемлекет басшысы биылғы Парламентте жасаған мәлімдемесінде ауыл шаруашылығын қайта құру, еңбек өнімділігін арттыру жөнінде айтты. Мәселенің бұлай қойылуы неліктен деп ойлайсыз? Осыған дейін жүргізілген реформалардың бәрінің дұрыс болмағаны ма?

– Әрине, ол реформалар түк бермеді деп айтуға болмайды. Біріншіден, ауыл шаруашылығы мемлекеттің жетегінен толық шығып, тиімді агробизнеске айналды. Саладағы адамдар жеке кәсіпті игеріп, нарықтық экономиканың қатал тәртібіне дағдыланды. Біле білгенге бұл үлкен өзгеріс. Екіншіден, қаржылық кооперативтер, асыл тұқым палаталары сияқты тәуелсіз институттар дами бастады. Лизинг, сақтандыру, кепілдеме сияқты қаржы құралдары енді. Пандемия кезінде біраз мемлекеттерде сөрелер босап қалғанда, Қазақстанда азық-түлік тапшылығы сезілген жоқ. Соның өзі үлкен жетістік. Әрине, қазіргі жағдай халық ойлағандай деңгейде емес. Аграрлық сектор әлі де проблемасы көп сала ретінде қалып отыр. Біз өзіміз шығаратын өнімдермен өзімізді толық қамтамасыз ете алмай келеміз. Өндірілген өнімнің тек 40% ғана қайта өңделеді. Ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдауда қыруар кемшіліктер бар. Антикордың берген соңғы есебінің өзі мемлекеттік қолдау тетіктерінде құйтырқы тұстарының көптігін көрсетті. Дегенмен де, көш жүре түзеледі демекші, соңғы 30 жылда ауыл шаруашылығы саласын дамыту 2003-те «Ауыл жылдарын» жариялаған сәттен бастап қана нақты қолға алына бастады. Алдағы уақытта цифрландыруды енгізу арқылы мемлекеттік қолдау тетіктерінің коррупциялық тәуекелдері жойылса, көп нәрсе өзгеретін болады деген сенім бар.

– Жалпы, ауыл шаруашылығының басты мәселесі не деп ойлайсыз? Неліктен мал өнімдерін өндірудің, егін салудың атадан балаға жеткен дәстүрі бола тұра бұл сала кері кетті?

– Басты мәселе ауыл инфрақұрылымының нашарлауында. Ауыл шаруашылығы – бейнеті көп, ауыр сала. Соған шыдап, тынымсыз еңбектеніп жатқан адамдардың тұрмысы нашар болса, әлеуметтік қажеттілігі сапалы деңгейде шешілмесе, ауылда кім қалады? Қазірдің өзінде жұмысшы табу қиын. Ауыл шаруашылығын дамыту барысында ауыл инфрақұрылымын (су, жол, жылу, білім мен денсаулық саласы) жақсарту шаралары қатар жүруі тиіс. 6300 ауылдың тең жартысы жабылуға жақын тұр.

Бізде ауыл шаруашылығы экстенсивті жолмен дамып келеді. Майда шаруашылықтардың саны көп. Оларда жаңа технологияларды пайдалану деген атымен жоқ. Кооперацияға біріктіру тетіктері жетілмеген. Мемлекеттік қолдаудың, бөлінетін жеңілдетілген несиелердің 5 пайызы ғана соларға тиесілі.

– Қаншама бағдарлама қабылданды. Олар неге нәтижесін бермеді? Бұл қаржыландырудың жеткіліксіздігінің немесе мамандар біліктілігінің төмендігінен бе?

– Біріншіден, аграрлы саясатта тұрақтылық жоқ. Министрлік бірде сыртқа ет экспорттаймыз деп, осы мәселені басты мақсат тұтты. Одан соң оны жоққа шығарып, жеке қосалқы шаруашылықтар кооперативіне басымдық берді. Ішкі нарықты толтыруға бел буды. Мұнда үлкен билікті айыптай алмаймыз, себебі, сала бойынша берілетін нақты ұсыныстар орталық атқарушы органдардың құзырында. Үкімет қажетті қаражаттың барлығын мүмкіндігіне қарай беріп келеді. Кейбір жылдары тіпті Ұлттық қордың ақшасын да бөлген еді. Олар министрліктің берген тұжырымдамаларының бірде-біреуінің бетін қайтармады. Енді міне агросаясаттың тұрақсыз болуынан Президентіміздің өзі араласуына тура келді. Бюджеттен бөлініп жатқан ақшаға кешенді тексеріс өткізу бойынша сыбайлас жемқорлықпен күрес ұйымына берген тапсырмасы да осыдан туындайды. Жалпы, агросаясат ең осал тұстарды тауып, ең алдымен соны шешуге тікелей бағытталуы тиіс. Азық-түлік бағасының қолжетімді болуы, субсидиялардың көмекке нақты мұқтаждарға берілуін қамтамасыз ету сияқты мәселелер шешімін табуы керек. Екіншіден, Қазақстан табиғи тәуекелді жағдайлары көп аймақ. Оның үстіне су ресурстары азайып барады. Жауын-шашын сиреп, құрғақшылық белең алуда. Осының барлығы шаруаларды қолдау қажет екенін көрсетеді. Өкінішке орай, ауыл шаруашылығын қолдауға бөлінетін қаражат жеткіліксіз. Бүгінгі күні субсидия ретінде беріліп жатқан ақша АӨК-ің ішкі жалпы өнімінің 4 пайызын ғана құрайды. Бұл дамыған мемлекеттермен салыстырғанда 2-4 есе кем. Сондай-ақ, екінші деңгейдегі банкілердің инвестициялық жобаларды қаражаттандырудағы қарқыны өте төмен. Салаға несие ретінде 2 трлн теңге керек. Мемлекеттік қаржы институттарынан бөлінетіні соның бестен бір бөлігі ғана. Ауылдардың болашағы бұлыңғыр болып тұрғаннан соң ондағы бар мүліктің кепілдік құны төмен. Жекеменшік банкілердің агробизнесті несиелендіруден қашатыны сондықтан.

– Сарапшылар бағдарламалардың ғылыми негізсіз жасалатындығын айтады? Осы тұжырыммен келісесіз бе?

– Жобалар ғылыми негізсіз жасалды деп айту қиын, себебі, кез келген бағдарлама жобасына Ауыл шаруашылығы министрлігінің ведомстволық құрылымдары талдау жасайды. Ал олардың ішінде Ұлттық аграрлық ғылыми білім беру орталығы бар. Талқылауға осы мекемеге қарасты 23 ғылыми мекеме қатысады. Менің ойымша, мәселенің барлығы жасалатын талдаудың сапасында! Сараптама нақты әрі шынайы экономикалық есептерден құралғаны абзал. Қазірдің өзінде «өзіндік құн» деген түсінік тіпті ұмытылды. Субсидия бағыттары мен мөлшерлерін анықтау барысында осы маңызды параметр ескерілмей жатады. Нәтижесінде дотация алмай-ақ жұмыс істей алатындар мемлекеттік қолдауға ие болып жатады, ал нағыз мұқтаж жандар, әдетте бұл кіші шаруашылықтар, керісінше ала алмайды.

– Ауыл банкісін ашу туралы мәселе сан рет көтерілді? Сіздіңше мұндай құрылымның болуы қажет пе? Егер солай болса, оның ашылуына не кедергі?

– Мемлекеттік агробанк салаға өте қажет. Бұл мәселені қайта көтеруге тиіспіз. Ауыл шаруашылығы субъектілері өз айналымындағы қаражаттары мен тапқан пайдасын екінші деңгейдегі банкілерге беріп жүр. Менің есебім бойынша, фермерлердің депозиттегі қаражат көлемі кем дегенде 1-2 трлн теңгеден асып жығылады. Ал екінші деңгейдегі банкілер болса, бұл қаражатты ауыл шаруашылығы емес, басқа салаларды қаражаттандыруға жұмсап отыр. Агроөнерксіптік кешенді дамыту үшін инвестиция тапшы болып отырғанда мұндай мүмкіндікті қалт жібермей, пайдалану керек. Мемлекеттік аграрлық банк өз пайдасын 280 мыңға жуық фермерлерге кассалық қызмет көрсету арқылы ғана таба алады. Осының арқасында инвестициялық жобалар мен несие ретінде берілетін қарыздың сыйақы мөлшерін тағы да төмендетуге болар еді. «ҚазАгро» холдингі жабылып, оның еншілес ұйымдары «Бәйтерекке» берілсе де, қаражат мәселесі әлі де шешілмей тұрғанын мойындауымыз керек. Әрине, аграрлы банк ашуға байланысты қаржы мамандарының айтары бар шығар. Солармен үстел басына қайта жиналып, бұл мәселені тағы бір мәрте талқылау керек.

– Елімізде суармалы жерлердің толыққанды пайдаланылмай отырғаны жайлы депутаттар талай рет мәселе көтерген еді. Өкінішке қарай, бұл үкіметтің назарынан тыс қалып отыр. Сырттан келіп жатқан талай өнімнің өзімізде өндірілуіне мүмкіндік беріп қана қоймай, қаншама жанды жұмыспен қамтитын осы ресурс неліктен кәдеге жаратылмай отыр? Мұның сыры неде деп ойлайсыз?

– Расымен де, Қазақстан суармалы жерлерді тиімді пайдаланса ауыл шаруашылығының ішкі жалпы өнімін кем дегенде 2 есеге көтеруге болар еді. Осы орайда, бау-бақша мен жүзім өндірісінен мысал келтірейін. Қазақстанда жеке қосалқы шаруашылықтарды есептемегенде жеміс өндірісі 40 мың гектар алқапта ұйымдастырылған. Жылдық өндіру көлемі 300 мың тонна. Өнімділігі әлемдік деңгейден бірнеше есе төмен, гектарынан бар-жоғы 7-8 тонна. Бұл саланы қолға алып, мемлекет тарапынан сәл демеп жіберсе, осы алқаптың өзінен-ақ 1 млн тонна жеміс алуға болады. Мұнымен қоса 1 гектардан алынатын кіріс деңгейін 200-400 доллардан 10 мың долларға дейін жеткізуге болады. Яғни, Президент тапсырмасы орындалып, еңбек өнімділігі еселеп көтеріледі деген сөз. Жүзім өндірісін, тіпті, мақта саласын әртараптандыру құралы ретінде пайдалануға толық негіз бар. Құнарлылығы төмендеген топырақтың сапасын жақсартады. Тағы бір алаңдататын мәселе – су тапшылығы. Суармалы алқаптардың төрттен үш бөлігі еліміздің оңтүстік аймақтарында орналасқан. Ол жерде негізгі пайдаланатын су ресурстары – трансшекаралық өзендер. Көрші мемлекеттер су жіберу көлемін жыл сайын азайтып жатыр. Бұл тенденция сақтала берсе, ашық су көздерінің әлеуеті азаяры анық. Сондықтан да жерасты суларын пайдалану керек. Қазір оңтүстік облыстарда жаңбырлатып және тамшылатып суғару қолға алынған. Жергілікті бюджет есебінен лизингілік операторлар құрылып, суармалы жерлерде агрегаттар орнатылып жатыр. Шаруалар 2010 жылдан бастап тамшылап суғару қондырғыларын арзандатылған несие арқылы алып жатыр. Су ресурстарын үнемдеу бойынша халықаралық конвенцияның бар екендігін де ұмытпағанымыз абзал. Бұл ретте қалалардағы су тұтыну көлемін үнемдеу жағын да қолға алуға тиіспіз.

– Күнгейдегі бір танысымыз былтыр жаздай маңдай терімен еккен картобын өткізе алмай, ақыры шірітіп алды. Айтуынша, өзі секілді еккен өнімдері осылай рәсуа болатындар аз емес. Ал, базарда осы картоптың құны өсіп барады. Бұған не айтасыз?

– Картоп бағасының 500 теңгеге дейін көтерілгені әлі есімізде. Мәселе бар. Мұның басты себебі – шаруашылықтардың көкөніс сақтау мүмкіндігінің болмауы. Температуралық режимді сақтайтын заманауи технологиялар қымбат. Оны сатып алатын мүмкіндік жоқ. Сауда министрлігінің көтерме-тарату орталықтарын құру бойынша жоспары бар. Солардың аясында салынатын инфрақұрылымдарды шаруалар кооперативтерінің басқаруына беру керек. Картоп өндірушілерде сақтау мүмкіндігі пайда болады, ал тұтынушылар үшін баға арзандайды. Сонымен қатар, облыс әкімдіктері халыққа керек өнімдердің қажеттілігін дұрыс болжап, өндіріс секторына нақты көлемдерді беруі тиіс. Картоп өндірген пайдалы екен деп көп шаруалар осы кәсіпке қарай ауып кетіп жатады. Бұл барлық өнімдерге тән құбылыс. Нәтижесінде ұсыныс көлемі сұраныстан көбейіп, сатылмай қалады. Менің ойым жоспарлы экономиканың элементтерін қайта қолданысқа енгізу емес, керісінше нарықтық заманда шаруаларға сапалы аналитикалық ақпарат беру қажет. Картоп бағасының қолжетімді болуы үшін облыс әкімдері тұрақтандыру қорларын құрған еді. Солардың жұмысының ақсап тұрғанын да ойдан шығармайық. Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялардағы әлеуметтік бағамен берілетін өнімдердің сатып алу тәртібін жетілдіру керек.

– Отыз жыл бойы өз өніміміздің болмауы мемлекеттік деңгейдегі қолдаудың жоқтығынан дегенге келісе сіз бе? Бізде ішкі нарықтың сыртқы өніммен толуына билік деңгейінде мүдделілік бар сияқты.

– Билік өз мемлекетіне қарсы ешуақытта жұмыс істемейді. Ондай ойдан арылу керек. Импорттық тауарларға тәуелді болмас үшін Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев «Қарапайым заттар экономикасы» деген бағдарламаның қабылдануына жол ашты. Қажетті қаражат та беріліп жатыр. Менің ойымша осы бағдарламаны іске асыру жолдарын жетілдіру керек. Ең алдымен шағын өндірісті қолға алу үшін, халыққа жол сілтеп, идея беру маңызды. Одан кейін өндірген заттың сатылуына қолдау көрсету керек. Шығарған затын сата алмаса одан не пайда? Сондықтан мемлекеттік және квазимемлекеттік ұйымдардың сатып алу жүйесі «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасының қатысушыларымен тікелей байланыстырылып, олар тек отандық өнімді сатып алуға мүдделі болуы шарт. Кластер жүйелерін де қолға алуға болады. Қайта өңдеу саласының ірі мекемелері өздері импорттайтын заттардың жергілікті жерде өндірілуін қолға алуы керек. Қажет болса ақша бөліп маңындағы елді мекендердің тұрғындарын сол өндіріске икемдеуі қажет. Жалпы, отандық өндірістің кез келген түрі жақсы. Ал азық-түлікке келетін болсақ, олардың көптеген түрлері бойынша тәуелділік мәселесі шешілген. Тек құс еті мен сүт өнімдері бойынша көлем жетіспей тұр. Тиісті бағдарлама бар, алайда қарқын төмен болып тұр.

– Ауыл шаруашылығы үшін ең өзекті мәселенің бірі субсидия екені белгілі. Бұл қаржыны алушылардың қатарында оған шын мұқтаж шаруалар аз. Жалпы, осы қаржының бөліну тетігі дұрыс па? Оның тиімділігіне қалай қол жеткізуге болады деп ойлайсыз?

– Субсидия тек қолдау мен реттеу мақсатында берілетін көмек. Бірақ одан экономикаға нақты пайданың да болуы шарт. 2005 жылы бюджеттен бөлінген 1 теңге дотация ел экономикасына шамамен 130 теңге кіріс әкелетін. Қазір бұл көрсеткіш 21 теңгеге дейін түсіп кеткен. Демек, 6 есе! Мұны тек бір нәрсемен түсіндіруге болады – ақша тиімсіз бағыттарға жұмсалады. Сонымен қатар, субсидиясыз күнін көре алатын алпауыт компаниялар бар. Жағдайы жақсы болса да «субсидия инъекциясына» отырып алып, мемлекеттік қолдауға шын мұқтаж шаруалардың алдын орап кетіп жатыр. Сенесіз бе, бюджеттен бөлінетін қаражаттың 10/6 бөлігі осындайлардың қалтасында қалып жатыр. Бұл әділ емес! Субсидия нақты өнім алып, 1 келі болсын, мейлі 1 тонна болсын, оны нарықта сатқандарға тиесілі болуы керек. Ал енді жалпы алатын болсақ, АӨК-ні экономиканың драйверіне айналдыру үшін өндіріс көлемін көтеру керек. Азық-түлік бағасының қолжетімділігін қамтамасыз ету маңызды.

Қасым-Жомарт Кемелұлы «егер нарықта азық-түлік тауарлары мол болмаса, инфляцияны ұстап тұруға ешқандай шара көмектеспейді» деді емес пе. Расында да, бірталай жыл бойы мемлекеттік органдар инфляция мен азық-түлік бағасының қарыштап өсе беруіне тосқауыл бола алмады, үйреншікті жолмен жүре берсе, тосқауыл бола алмайды да. Нарық заманында бағаны тежеудің жалғыз жолы – затты көп өндіру, яғни ұсыныс көлемін ұлғайтып, бәсеке арқылы маржаның есепсіз өсуіне жол бермеу. Президентіміз осыны меңзеп отыр емес пе. Ал енді сол өндіріс көлемін біршама өсіру үшін не істеу керек? «Кепілдік беріп, несие ал» деген қағида Президентіміздің күтіп отырғанындай нәтиже бермесі анық. Мұндайда ауыл шаруашылығымен айналысып, азық-түлік өндірісін көбейтуге атсалысамын дейтіндердің қолына дайын құрал беру арқылы агробизнеске жұмылдыру қажет. Ол дайын объектілер лизингі, кепілсіз несиелер мен үлестік қаржыландыру. Бұл бағдарламаларды нарықтық заманда қолданып, туындайтын тәуекелдерге алаңдамай іске асыруға болады.

– Қаңтар оқиғасынан кейін халық үкіметтің құрамынан жаңа адамдар күтті. Өкінішке орай, шенеуніктердің көбі орнында қалды. «Болашақпен» шетелде оқып келіп жатқан кадрларымыз қайда? Олардың білімі неге елдің әлеуетін көтеруге пайдаланылмайды?

– Біз Президентке сенеміз! Ол қаңтар оқиғасынан кейін жасаған жолдауында мемлекеттік басқару жүйесіне жастар керек, бірақ институционалдық тәжірибесі бар адамдарды да ұмытпайық деп айтты. Мұнда жастардың энергиясы мен көп жыл мемлекетке қызмет еткен ел ағаларының тәжірибесінен құралған ортақ симбиоз қарастырылып отырған сияқты. Президенттің жанында жастардың кадрлық резерві жасақталды. Сайлау жүйесінде жастарға 30 пайыздық квота қарастырылған. Жақында ғана қайта құрылған үкімет қатарында жас министрлерді көрдік. Әкімдіктерде де квазимемлекеттік мекемелерде де басшылар әжептеуір жасарып қалды. Олардың көбі «Болашақ» бағдарламасымен шетелде білім алғандар. Орталық атқарушы органдарда мәнсап баспалдағымен көтеріліп, еңбегі бағаланып жатқандарды да өз басым бірнеше рет көрдім. Айтарлықтай қозғалыс бар.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті

Сараптама нақты әрі шынайы экономикалық есептерден құралғаны абзал. Қазірдің өзінде «өзіндік құн» деген түсінік тіпті ұмытылды. Субсидия бағыттары мен мөлшерлерін анықтау барысында осы маңызды параметр ескерілмей жатады. Нәтижесінде дотация алмай-ақ, жұмыс істей алатындар мемлекеттік қолдауға ие болып жатады, ал нағыз мұқтаж жандар, әдетте бұл кіші шаруашылықтар, керісінше ала алмайды.

САРАП

АТА-АНАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТАН АЙЫРУ ЖАУАПКЕРШІЛІКТЕН АЙЫРУ ЕМЕС

Адами құндылықты сақтаудың бір жолы – адам құқығын қорғау. Осы игілікті іске асыруда судьялардың атқаратын міндеті зор. Жауапкершілік пен талап тағы бар. Сырт елге ерен-сіз естілгенімен адам тағдырын шешуде кәсіби біліктілікті қажет ететін жұмысымыздың бір саласы ата-ана құқықтарынан айыру рәсімі және оның салдары. Негізі ата-ана өз балаларына қамқорлық көрсетпесе, тәрбиелемесе ата-аналық құқығынан айырылуы мүмкін екендігі заңнамада анық жазылған. Нақтылай түссек, ҚР Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы кодексінің 76-бабына сәйкес, ата-ана құқықтарынан айыру туралы талап қоюы ата-аналардың немесе баланың басқа да заңды өкілдерінің талабымен қойылуы мүмкін.

Жанар БЕИМБЕТОВА, Алматы облысының №2 кәмелетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының төрағасы

Ата-аналардың кінәлілігі анықталған жағдайда ғана сот оларды жоғарыда аталған кодекстің 75-бабында көзделген негіздер бойынша ата-ана құқықтарынан айыруы мүмкін.

Судья ата-ананың бірін құқығынан айыру немесе оны шектеу туралы істі сот талқылауына дайындау барысында кәмелетке толмаған баланың құқықтарын қорғау және оны одан әрі тәрбиелеу үшін қажеттіліктерімен қамтамасыз ету, сонымен қатар, баламен бірге тұрмайтын ата-анасының құқықтарын қорғау мақсатында осы ата-анаға сот талқылауының уақыты мен орнын хабарлауға, оның баланы тәрбиелеу үшін өзіне беру туралы талап етуге құқылы екенін түсіндіруге міндетті.

Жауапкердің сотқа қатысуын қамтамасыз ету үшін сот қызметкерлері орасан зор еңбек етеді. Себебі, талап қоюшы жауапкердің мекенжайын көп жағдайда білмейтіндіктен соңғы мекен жайымен қарауды сұрайды.

Ата-аналардың төл міндеттерін орындаудан жалтаруы балаларының моральдық және физикалық тұрғыда өсіп, дамуына, білім алуына теріс ықпал етеді. Алимент төлеуден қасақана бас тартуы өмірлік қиындықтарды тудыратыны анық. Бұл мәселені шешу кезінде, алимент төлемеу мерзімінің ұзақтығы мен себептерін ескеру қажет. Алименттер төлеу туралы нотариат куәландырған келісімнің немесе өндіріп алу туралы сот актісінің негізінде алиментті төлету анықталады. Баса айтатын мәселе алимент төлеушінің кінәсінен берешектің жиналуы, яғни ай сайын алатын жалақысының, өзге де табыстарының мөлшерін, мекенжайын жасырғаны үшін Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодекстің 669-бабы, Қылмыстық кодекстің 139-бабына сәйкес жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

Алимент төлеуші тарап, егер сот оны ата-аналық құқықтарынан айырса оны алимент төлеуден де босатады деп ойлап, ата-аналық құқықтарынан, яғни баласынан бас тартып жатады. Мұндай жағдайларда сот ата-аналық құқықтан айыру, ата-аналық міндеттен босатады деген ұғымды білдірмейтіндігін түсіндіреді.

Егер баланы ата-анасымен қалдыру психологиялық тұрғыда кері әсер етіп, нерв жүйесінің бұзылуы немесе өзге де созылмалы ауруы қозып, ауыр жағдайларға душар болу қаупі болса, ата-ана құқықтары шектеледі. Бұл шектеу ата-ананы әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танумен байланыстырмайды. Шектеу туралы мәселені шешу барысында ата-аналар кінәлілігін сезінетінін-сезінбейтінін және оны жақсы жағына өзгерту ниетінің бар-жоғын анықтау қажет. Заңнамада ата-ана құқықтары шектелу мерзімі белгіленбегендіктен сот ата-ана құқықтарын шектеу мерзімін көрсетпей шешім шығарады.

Азаматтық-процессуалдық кодекстің 48-бабы бойынша қойылған талапты тану жауапкердің құқығы болып есептеледі. АПК-нің 48-бабының екінші бөлігіне сәйкес, егер бұл әрекеттер заңға қайшы келсе немесе өзгелердің құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін бұзса, сот жауапкердің талап қоюын қабылдамайды. Ата-ана құқықтарынан айыру жөнінде қойылған талапты қанағаттандыру туралы соттың шешімі тек жауапкердің қойылған талапты мойындауына ғана негізделмейді. Өйткені, Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы кодекстің 75-бабында көзделген негіздер болмаған кезде ата-анасының өз баласына қатысты ата-ана құқығының күшін жою жөніндегі ниеті ата-ана құқықтарынан айыруға негіз болып табылмайды.

Сонымен қатар, осы кодекстің 77-бабының 2-тармағына, 80-бабының 2-тармағына сәйкес ата-ана құқықтарынан айыру немесе оны шектеу ата-ананы өз баласын күтіп-бағу міндеттерінен босатпайды, сондықтан сот ата-ана құқықтарынан айыру немесе оны шектеу туралы істерді қарау барысында талаптың қойылғанына-қойылмағанына қарамастан балаға алимент өндіру туралы шешім шығарады.

Талап қоюшының баланы күтіп-бағу үшін алименттер өндіріп алудан бас тартуы заңға қайшы келеді және баланың құқықтарын бұзады, сондықтан АПК-нің 48-бабының екінші бөлігіне сәйкес сот мұндай бас тартуды қабылдай алмайды.

Ата-аналық құқықтардан айыру туралы талап қойғанда, талап қоюшылар, баланың ата-анасын құқықтардан айырғанда оларды «Әкесі» немесе «Анасы» деген бағаннан алып тастауды көздейді. Осы жерде айта кететін жағдай, ата-аналық құқықтарынан айыру олардың ата-ана екендігін даулау деген сөз емес.Сондықтан кәмелетке толмаған баланың әкесі ата-аналық құқығынан айырылғанмен «Әкесі» немесе «Анасы» деген бағанда жауапкердің аты-жөні әкесінің аты алынып тасталмайды.

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

ӘРІПТЕСТІК

Маңғыстау облыстық соты Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетімен 2017 жылдан бері тұрақты қарым-қатынас орнатып, тығыз байланыста жұмыс жасап келеді.

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ НЫҒАЙДЫ

Жыл сайын соттарда тек осы университеттің өзінен 60 шақты студент бір айлық өндірістік және үш айлық дипломалды тәжірибеден өтеді. Университет пен соттар бірігіп, ғылыми ізденістегі тұлғаларға қолдау көрсету мақсатында облыстық деңгейден бастап, халықаралық деңгейге дейін ғылыми-практикалық, тәжірибелік семинарлар мен конференциялар өткізіп келеді. Судьялар тұрақты түрде оқу жылының барысында студенттерге дәріс оқиды.

Жақында Маңғыстау облыстық сотының төрағасы Бек Әметов, алқа төрағалары Исатай Сматов, Гүлажар Бақытжанова, Ержан Қарабаев және судья Қазила Сағындықова Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетіне іссапармен барды.

Университеттің ректоры Берік Ахметов алдымен кампус тур жасап, ғимаратпен, жетістіктерімен, оқу тәжірибелік құралдарымен жете таныстырды.

Бүгінде университетте 1300 студент оқыса, соның жартысы, нақты айтқанда 644 студент «Құқықтану» мамандығы бойынша білім алуда. Мұнда сот залы, медиация кабинеті, заңгер академик Салық Зиманов атындағы оқу залы арнайы жабдықталған.

Осыдан соң сот төрағасының студенттермен кездесуі өтті. Онда Бек Әметов студенттер мен өзінің тәжірибесі, ағалық ақыл-кеңесімен бөлісті.

«Сіздер еліміздің тұтқасын ұстайтын болашақ мамансыздар. Сіздердің білікті де білімді болуыңыз, іскер әрі бәсекеге қабілетті тұлға боп қалыптасуыңыз әрбіріміз үшін маңызды. Сондықтан да сіздерге барынша қолайлы жағдай жасалып, терең білім алуға мүмкіндік берілуде. Сіздердің тарапыңыздан, Абай ақын айтқандай, «бес асыл» қасиет болса жеткілікті. Соттар да студенттердің оқу процесін сот тәжірибиесінің материалдарымен толықтыру және сот төрелігін жүзеге асыру бағытында ғылыми ізденістеріне қолдау көрсетуге әрқашан дайын. Егер қаласаңыздар, кез келген уақытта ашық сот отырыстарына қатысып, сот қызметкерлері мен судьялардың атқаратын қызметтерін көзбен көрулеріңізге болады», – деді сот төрағасы.

Кездесу барысында бірқатар студент сұрақ қойып, оған жауаптар алса, бірқатары өз пікірлері мен алғыстарын білдірді. Жастармен кездесу соңы тараптардың өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қою рәсіміне жалғасты.

Меморандум аясында судьялар оқу үрдісіне және дуалды оқытуға, мемлекеттік аттестациялық және емтихан комиссияларына қатысатын болады. Оқытудың озық әдістері мен технологияларын қолдану мақсатында дуалды оқыту бағдарламасымен студенттерге бірқатар сабақтар сот ғимараттарында өткізіледі. Бұл үшін соттарда өткізілетін сабақ кестелері бекітілді.

Ғаухар НҰРХАНОВА, Маңғыстау облыстық сотының баспасөз хатшысы

ПІКІР

ҚАРЖЫЛЫҚ ПИРАМИДА ЖЕҢІЛ ТАБЫС ТӘСІЛІ

Қаржылық пирамида дегеніміз жеңіл табыс тәсілі, күдікті мәміле. Ағымдағы жылдың қаңтарынан бастап қаржы пирамидасына Қазақстанның мыңнан астам азаматы тартылыпты. Олардың алаяқтық схемалары әртүрлі. Алайда, сіз бірақ өзіңізді жалған кәсіпкерлердің әрекеттерінен қорғап, қаржылық ресурстарыңызды сақтай аласыз. Оның жолдары мынадай, сіз ол мекеменің тіркеуін ҚР Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің сайтындағы «Салық төлеушілерді іздеу» сервисі арқылы тексере аласыз. Бұдан басқа, «Микроқаржы қызметі туралы» заңның 14-бабының 1-тармағына сәйкес микрокредиттер беру жөніндегі қызметті жүзеге асыруға ниеті бар заңды тұлға ол «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясында микро қаржы ұйымы, кредиттік серіктестік, ломбард ретінде мемлекеттік тіркелген (қайта тіркелген) күннен бастап алты ай ішінде есептік тіркелуге жатады.

Ішкі істер министрлігінің деректері бойынша 2021 жылдың басынан бері қаржы пирамидалары туралы 330 қылмыстық іс тергелген, оның жартысынан астамы сотқа берілді. 19 мыңнан астам адам зардап шегушілер қатарында, оларға келген зиян бірнеше млрд теңгені құрайды.

Ақтөбе қаласының №2 сотының өндірісіне ағымдағы жылы ҚР ҚК-нің 217-бабы бойынша қаржылық (инвестициялық) пирамиданы құру және оған басшылық ету жөнінде бірнеше қылмыстық істер түсіп, қаралуда. Солардың бірі, өңірдегі ЖШС-нің құрылтайшысы, ол ҚР ҚК-нің 217-бабының 3-бөлімінің 2-тармағымен көзделген қылмыстық құқық бұзушылықты жасауда кінәлі деп танылып, 7 жыл мерзімге коммерциялық ұйымдарда басшылық лауазымды атқару құқығынан айыра отырып, 6 жыл 6 ай мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жазаға кесілген. 2020 жылдың қаңтар айынан бастап 2020 жылдың ақпан айына дейін сотталған азаматтың қаржы пирамидасын басқарып, ЖШС-ың заңсыз қызметін жүзеге асырғаны, жалған шарт жасап, жоғары сыйақыға кепілдік бергені анықталды. Қылмыстық іс-әрекеттердің нәтижесінде, жәбірленушілерге 71 550 000 көлемінде материалдық залал келтіріліп, залал жәбірленушілердің пайдасына өндірілген. Сот үкімі заңды күшіне енген жоқ.

Қ.ЕСЕНҒАЗЫ, Ақтөбе қаласы №2 сотының бас маманы, сот отырысының хатшысы

«Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің отыз жылдығына байланысты рақымшылық жасау туралы» ҚР заңы 2021 жылдың 7 желтоқсанында жарияланды. Оған сәйкес, бұл заң ҚК-нің 217-бабымен сотталған тұлғаларға қолданылмайды.

АДАМ ҚҰҚЫҒЫ

Алматы қаласы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесіне қарасты тергеу изоляторына ҚР Парламенті Мәжілісінің және Алматы қаласы мәслихатының депутаттары, адвокаттар мен ардагерлер келіп, ұсталғандардың жағдайымен танысты.

ТЕРГЕУ ИЗОЛЯТОРЫНА ДЕПУТАТТАР КЕЛДІ

Тергеу изоляторына келген депутаттар мен адвокаттарға Алматы қаласы прокурорының орынбасары Н. Ауғанбаев пен Алматы қаласы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаментінің бастығы әділет полковнигі Д. Қанатбеков ЛА-155/18 мекемесінің (тергеу изоляторы) қызметін ұйымдастыру және қаңтар оқиғасы кезінде қамалғандарды тергеп-тексеру тәртібі жайлы ақпарат берді.

Мәжіліс депутаттары тергеу изоляторындағы тексеруден кейін қаңтар оқиғасына қатысты ұсталған 11 күдіктіні жеке қабылдап, өтініштерін тыңдады.

Ұсталғандарды жеке қабылдау кезінде мекемедегі ұстау жағдайларына, оның ішінде азаптауларға қатысты шағымдар болған жоқ.

Г. МАҒЗУМОВА

БРИФИНГ

ЖЫЛ ҚОРЫТЫНДЫЛАНДЫ

Байзақ аудандық сотында сот жұмысының 2021жылдың қорытындысы бойынша сот төрағасы Е.Тілеубековтың төрағалығымен онлайн режимінде брифинг өтті. Іс-шараға жергілікті «Ауыл жаңалығы – Сельская новь» газетінің бас редакторы Г.Ермұратова қатысты.

Іс-шара барысында сот төрағасы 2021 жылы сотта 805 азаматтық іс, 72 тұлғаға қатысты 52 қылмыстық іс, 576 тұлғаға қатысты 576 әкімшілік іс қаралғанын айтты. Онда қылмыстық істер бойынша 54 тұлғаға қатысты 42 үкім, азаматтық істер бойынша 450 шешім, әкімшілік істер бойынша 447 тұлғаға қатысты 447 қаулы шығарылған. Билер кеңесінің қатысуымен сотта медиация тәртібінде азаматтық істер бойынша қысқартылғандар саны – 55, әкімшілік істер бойынша – 62, қылмыстық істер бойынша – 1іс екендігі жайлы айтып өтті.

Сонымен қатар, төрағалық етуші қазіргі таңда сот өндірісінде әкімшілік істер бойынша талап арыздардың 2021 жылы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілген ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің талаптарына сәйкес қаралып жатқандығын айтты. «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына байланысты рақымшылық жасау туралы» заң бойынша рақымшылық белгілі бір санаттағы азаматтарға ғана қолданылатыны, яғни қылмыстық теріс қылықтар мен ауырлығы орташа, ауыр емес қылмыстар жасаған тұлғалар толығымен жаза өтеуден босатылып, ал 2021 жылдың 8 желтоқсанына дейін қаралмаған істер қысқартылатыны жайлы тоқталып өтті.

Өз тілшіміз

ШАРА

БАҚЫЛАУ ҚҰҚЫҚ БҰЗУҒА ТОСҚАУЫЛ ҚОЯДЫ

Аймақтағы тыныштықты сақтап, құқық бұзушылықтардың алдын алу маңызды. Осыған орай Алматы қаласы бойынша Қылмыстық атқару жүйесі департаменті тарапынан түрлі профилактикалық шараларды ұйымдастырып келеді.

Мәселен жоспарға сәйкес 7 ақпан мен 13 ақпан арасында Алматы қаласы Алатау аудандық пробация қызметінің мамандары есепте тұрған азаматтардың мекенжайларына арнайы барды. Учаскелік инспекторлармен бірлесе ұйымдастырылған шара барысында сотталғандардың түнгі уақытта үйінде болу тәртібі тексерілді. Сонымен қатар сотталғандармен бірге тұратын туыстарымен де сұхбат жүргізілді. Бұл пробация есебінде тұрған сотталғандардың қайта қылмыс жасауының алдын алу үшін және құқық бұзушылық фактілеріне жол бермеу үшін қажетті шара.

Айта кететін жәйт, көптеген жағдайларда қылмыстар түнде жасалады, осыған байланысты түнгі тексерулерге үлкен көңіл бөлінеді. Өткізілетін іс-шаралар құқық бұзушылықтар мен қылмыстың орын алуына тосқауыл қояды. Бұл іс шаралар оң нәтижелерге әкелетініне сенімдіміз.

Р.СӘРСЕНӘЛІ,
Алматы қаласы бойынша ҚАЖД Алатау аудандық ПҚ бөлімінің инспекторы

ТҮЗЕУ МЕКЕМЕСІ

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ СОТТАЛҒАНДАРҒА ҮМІТ СЫЙЛАЙДЫ

Павлодардағы жазасын өтеушілер арасында өлең-жырды жанына серік еткендер көп. Мәселен, АП-162/2 қауіпсіздігі төмен түзеу мекемесінде сотталғандар тек қана жұмыс істемейді, олар сонымен қатар шығармашылықпен де айналысады. Шығармашылық қателік басқан жандарға қанат бітіреді, үміт сыйлайды, әдемі армандарға бастайды. Мекемедегі 57-жастағы сотталушы осындай ізденіс үстіндегі жандардың бірі. Ол мемлекеттік тілде өлең шығарып, әуенін домбыраға өзі салады. Оның өнер бағытындағы мұндай ізденістерінің нәтижесінде жұп-жұмыр, жып-жинақы шығарма туады.

– Домбыра тартуды маған әкем үйретті. Өзі бұл аспапта өте жақсы ойнаушы еді. Әкем туған-туыстың, дос-жарандарының жиын-тойларының көркін қыздырып, сәнін кіргізетін. «Домбыра адамның жансерігі» дейтін ол маған. Мен осылайша өлеңге, домбыраға бала кезімнен құмар болдым. Мекемеге түскенде клубқа барып, бірінші іздегенім осы домбыра болды. Домбыра адамның жан жарасын емдейді. Музыка менің құтқарушым – дейді Бақыт.

Бақытты үйінде екі ұлы күтіп отыр. Өзі медицина саласының маманы. Қытайда халық емі бағытын меңгерген, осы саланың сертификаттары бар.

– Бізде жазасын өтеп жатқандардың күндік кесте бойынша бос уақыттары бар. Осы уақыт аралығында олар өздері қалаған істерімен айналысады. Мекеме басшылығы олардың шығармашылықпен айналысқанын, өнерлерін дамытқанын қуана құптайды. Бұл жерде де әртүрлі мерекелік мәдени шаралар өтіп тұрады. Сол шараларға белсене араласып, өнерлерін көрсететін азаматтар мекеме тарапынан марапатталады. Ол марапат сотталғандардың үйіне ертерек қайтып, туыстарымен қауышуына мүмкіндік береді – дейді мекеме басшысының орынбасары Сұлтан Бакин.

38 жастағы Мадияр да өнер адамы, өлең жазады. Оның өлеңдері көбіне Отан, туған жер, жастар, өмір тақырыптарында. Оның мамандығы экономист, ол да шығармашылықпен бала кезден айналысады екен. Мадиярдың өлеңдері туған жері Ақтөбеде шыққан өлеңдер жинағына кірген. Бұл жерде де ол бос уақытында өлең жазады. Өзінің жеке кітабын шығарғысы келеді. Үйінде оны ата-анасы, жары, екі перзенті күтуде.

Қауіпсіздігі төмен мекемедегі жазасын өтеушілердің көбі қылмысты абайсызда жасағандар. Мекеме қызметкерлері олардың өз армандарын жүзеге асыру жолындағы ізденістеріне көмектеседі. Олардың әртүрлі мәдени, тәрибелік іс-шараларға араластырады, талантын, қабілетін ашуға жәрдемдеседі.

ЖҮРЕКТЕГІ САҒЫНЫШ

(Мадияр Батырханов)

Мейлі жүрегім жыласын мейлі,
Шын жүректен сүйген мен емес пе?
Мейлі жүрегім жыласын мейлі,
Сені жаным сүйгеннен емес пе?
Бақытты сәттер сыйладың маған,
Сендік едім сол шақтарда.
Не жаздым бұл тағдырға
Сенен алыстап қалардай.
Берген уәдең ұмытылмайды
Үмітімді сол жалғайды.
Риясыз бұл сезімім,
Саған қарай қадам бастырады.

162/2 түзеу мекемесінің баспасөз қызметі

БАНКРОТТЫҚ

11. Уәкілетті органда 18.11.2005 ж. тіркелген 13.08.2010 жылғы куәлік, акциялар шығару проспектісіне өзгерістер мен толықтырулар 24.11.2008, 13.08.2010, 08.11.2012, 16.05.2014 ж. «Ақтөбе металл емес құбырлар зауыты» АҚ жарамсыз деп танылсын.

18.Батыс Қазақстан облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының (МАЭС) 2022 жылғы 31 қаңтардағы ұйғарымымен «АлексBEL LTD» ЖШС-не, БСН 180140000375, қатысты банкроттық туралы іс қозғалды.

ӘРТҮРЛІ

2. «Улан-1» ЖШС-нің атқарушы органы, БСН 000340000109 Серіктестік қатысушыларын «КазАгроФинанс» АҚ-ның талап-арызы бойынша Нұр-Сұлтан қаласы МАЭС шешімінің әдістемесін өзгерту туралы Сандықтау аудандық сотының ұйғарым шығарғаны туралы хабарлайды. 30.03.2020 ж. жалпы ауданы 1223 га жер учаскелерінен өндіріп алу арқылы (анықтама 28.12.2021 ж. берілген, түпкілікті нысанда 24.01.2022 ж. жасалған) ұйғарым шығарылған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде түпкілікті нысанда Сандықтау аудандық соты арқылы шағымдануға жатады. Қаулы мәтінімен Сандықтау аудандық сотында немесе «Ұлан-1» ЖШС-нің атқарушы органында танысуға болады. Тел. +77054253323

3. «ЕЛСАН-АГРО» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 140440011196, өзінің кредиторлары мен мүдделі тұлғаларға жарғылық капиталдың азайтылғаны туралы хабарлайды. Барлық шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: 111613, Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Сарыкөл ауданы, Урожайное ауылы, Урожайная көшесі, 3. Байланыс телефоны: 8 705 705 76 78.

21 Ақмола облысы Жақсы ауданының әкімдігі Жақсы ауданының келесі мемлекеттік мекемелерін бірігу жолымен қайта ұйымдастыру туралы хабарлайды:
1) «Жақсы аудандық ішкі саясат бөлімі», БСН: 130440019318, индексі 021000, Ақмола облысы, Жақсы а., Дружба к-сі 3, тел. 8 (716-35)21-5-44;
2) «Жақсы аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі», БСН: 940540000805, индексі 021000, Ақмола облысы, Жақсы а., Дружба к-сі 14а, тел. 8 (716-35)22-3-31;
3) «Жақсы ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімі», БСН: 970240002473, индексі 021000, Ақмола облысы, Жақсы а., Дружба к-сі 3, тел. 8 (716-35)21-4-72.
Қайта ұйымдастырылған заңды тұлғалардың құқықтары мен міндеттері жаңадан пайда болған заңды тұлға – «Жақсы ауданының ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесіне өтеді.
Кредиторлардың талаптары осы хабарландыру жарияланған күннен бастап жоғарыда көрсетілген мекенжайлар бойынша екі ай ішінде қабылданады.

23.Павлодар қалалық соты Павлодар қаласы, Кривенко көшесі, 81 үй, 288 пәтер мекенжайында тұратын Ахметова Гульсум Жумановнаның талап-арызы бойынша 10.11.1958 ж.т. Павлодар облысының тумасы Ахметов Салимжан Иманкуловичті хабар-ошарсыз кетті деп тану туралы азаматтық іс қозғалды. Осы азаматтың жүрген жері туралы мәліметті білетін жандардың осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 3 ай мерзім ішінде Павлодар қаласы, генерал Дүйсенов көшесі, 80 мекенжайына хабарласулары сұралады. Тел.: 8(7182)660982, 87055843542.

20. ТОО «Smart Stroy 2050», Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Ұлы Дала даңғылы, № 8/1 оқу орны мекенжайы бойынша орналасқан» коммерциялық үй-жайлары мен жерасты паркингі бар тұрғын үй кешенінің құрылысы «жұмыс жобасының» Қоршаған ортаны қорғау бөлімі бойынша қоғамдық талқылау нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.
Ақпаратпен бірыңғай экологиялық порталда танысуға болады https://ecoportal.kz
Көпшілік тыңдаулар 18.02.2022 ж. жарияланған сәттен бастап 15 жұмыс күніне созылады.
Осы мерзім өткеннен кейін ескертулер мен ұсыныстар қабылданбайды .
Бастамашы – «Samruk-Kazyna Construction» АҚ, БСН 090340012961, Байланыс телефондары: + 7 (707) 111-18-19, эл.мекенжайы: INFO@FNSK.KZ
Әзірлеуші – «GAL Partners» ЖШС Алматы қаласы, Әуезов ауданы, Ақсай-1 ықшам ауданы, 10/3, тел.8(727) 273-94-70, эл.мекенжайы agn_project@mail.ru

ТАРАТУ

8. «MBAA SERVICE» ЖШС, ұйымы, БСН 180140015492, өзінің жойылғандығы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Узынағаш ауылы, Алтыбақан көшесі, №39 үй, индекс 040600.Тел.87017682124.

9. «NISHON GROUP PRODUCT» ЖШС, БСН 190340014483 (160021, Қазақстан, Шымкент қаласы, әл-Фараби ауданы, Ахмет Байтұрсынов көшесі, 5А үй), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Шымкент қаласы, әл-Фараби ауданы, Ахмет Байтұрсынов көшесі, 5А үй. Тел.: 87057531177.

12.«Али-Строй 2020» ЖШС (БСН 200440009069), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: 020000, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, «Центральный» ықшам ауданы, 52 үй, 199 пәтер. Тел.: 87768450873.

13. «Тайпақ Бабалы-КӨЛІ» ауылшаруашылық өндірістік кооперативі» өндірістік кооперативі, БСН 190240029130, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, БҚО, Ақжайық ауданы, Тайпақ ауылдық округі, Тайпақ ауылы, Махамбет көшесі, 11 үй, 1 пәтер.

14. «Бану плюс» ЖШС, БСН 110940005570, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қостанай облысы, Рудный қаласы, П.Корчагин көшесі, 119 құрылыс.

15. «Қайнар» медицина орталығы» ЖШС, БСН 090440004340, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы облысы, Талдықорған қаласы, «Молодежный» ықшамауданы, 35А үй.

16.«ASA Retail Group» ЖШС, БСН 201140013435, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Сапарбай болыс көшесі, 4 өткел, 27 үй, индекс 161200. Тел.: 87075885577.

17.«Smartshop Туркестан» ЖШС, БСН 210940028987, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Сапарбай болыс көшесі, 4 өткел, 27 үй, индекс 161200. Тел.: 87075885577.

22. «Жайна ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі» өндірістік кооперативі өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Несие берушілердің талаптары осы хабарлама жарияланған кезден бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: 120408, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Арықбалық ауылдық округі, Жанқожа батыр ауылы, Шынтас Жалғасбаев көшесі, 34 А үй.

24. «Сарбұлақ» СТК-і (БСН 050840019533) – өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Сарбұлақ ауылы.

25. «Демеуші» кооперативтік қоры БСН 010440006748, өзінің жабылуы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай ауданы, Ақсуат ауылы.Тел: 87081949252.

МҰРАГЕРЛІК

5. 9.08.2021 жылы қайтыс болған Тушанова Турсункульдің; 17.11.2021 жылы қайтыс болған Ширимбетов Абдраман Уразбековичтің, 12.03.2018 жылы қайтыс болған Мусаева Минара Булисеновнаның аттарынан мұралық іс ашылғандығын хабарлаймын. Мұрагерлеріне Түркістан қаласының нотариусы Балтабаева Алия Оралбаевнаға хабарласуын сұраймын. Нотариус кеңсесі Түркістан қаласы Тауке хан даңғылы №180 мекенжайында орналасқан. Хаб. тел.87718175589.

6. 10.08.2021 жылы қайтыс болған Мустафаев Абдулланың; 15.10.2021 жылы қайтыс болған Байбосинов Омар Турдибековичтің; 29.05.2021 жылы қайтыс болған Тоқтасын Абылай Бауыржанұлы және 12.06.2021 ж. қайтыс болған Тоқтасын Куанышбек Бауыржанұлының аттарынан мұралық іс ашылғандығын хабарлаймын. Мұрагерлеріне Түркістан қаласының нотариусы Балтабаева Алия Оралбаевнаға хабарласуын сұраймын. Нотариус кеңсесі Түркістан қаласы, Тауке хан даңғылы №180 мекенжайында орналасқан. Хаб. тел.87718175589.

7. 25.01.2022 ж. қайтыс болған Налибаева Оралайдың мүлкіне мұра ашылды. Мұрагерлер Түркістан қаласының нотариусы Т.Тілеповқа хабарласуына болады. Туркістан қаласы, Тауке хан даңғылы, 301. Тел.87016565788.

10. 27.01.2022 ж. қайтыс болған Бабишев Халмурат Темирбаевичтің мүлкіне мұралық іс ашылды. Мұрагерлерге нотариус Даханова Баянгул Джаксановнаға хабарласуды сұраймыз: Түркістан қ.,Тауке хан даңғылы, 279 Б үй.Тел.87014653617.

Жамбыл облыстық сотының ұжымы әріптесіміз Шымкент қалалық сотының төрағасы Ербол Мұқажанұлы Рахымбековке ағасы

Ералы Мұқажанұлының

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып көңіл айтады. Марқұмның жаны жәннатта, иманы салауат болсын! Алла алдынан жарылқасын!

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru
zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetyisaity.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы, 208 кеңсе.

«KAIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы,Крупская көшесі,61,кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Иляев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ.,К.Мұхаметханов көшесі,23 «А»,104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18,8(708)4672701

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі,129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынұлы ЖК, Петропавл қ.,К.Сүтішов көшесі,58,30-бөлме,3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57,ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаметінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05,ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779,e-mail:zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ.,Л.Толстой көшесі,28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8,«Лина» шаштаразы. ardawka_94@mail.ru,Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ.,пр. әл-Фараби 119-үй,407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы,Қазақстан Конституциясы көшесі,28-үй,1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77,8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Servise», Тараз қаласы,Төле би көшесі,73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222,ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы,60. Тел.: 8(7232) 578414,ұялы тел.: 87772256506.

ҮМІТ ІІЕН КҮДІК

«Ғалия!» деп қыстыға шыққан өз даусынан Ғайша шошып оянды. Біссімілләсін айтып, ел әлдеқашан өлдіге жорыған қызына Алладан амандық сұрап, оң қырына аунап жатты. Иә, ана жүрегі баласын өлдіге еш қимайды. Қашанғы әдетімен Ғалиясы жоғалғаннан бергі уақытты тағы бір шолып шықты. Содан бері 23 жыл өткен екен. Соңғы жылдары түсіне мүлде кірмейтін боп кетті. Бүгін жақыннан көргендей. Бірақ бері қарамады. Көзін төмен салып ештемені естімегендей меңіреу қалпы тұрды. Әлде дауысым шықпай жатыр ма деп барынша айқайлап еді, өзі оянып кетті. Оянғанына өкінді. Бірақ түсінде болса да Ғалиясын көргені үшін Ғайша бақытты еді...

Өзгеріс

Үлкен қызы ауылдағы мектепті бітіріп, қалаға оқуға кеткенде осылай боларын әсте ойламаған. 90-жылдардың аяғындағы тоқырауда бұлардың малына мал қосылып, жағдайлары жақсара түсіп еді. Күйеуі бұрын совхозда білдей зоотехник, өзі есепші болған. Жүйе қирап, жұмыс табылмай тұрған тұста бұлар 5 баласын не ішем, не кием дегізбей өсірді. Тіпті, қаладан бір бөлмелі пәтер алып қойды. Сондағы ойы – балаларды оқыту, қатарынан қалдырмау еді.

Тұңғышы Ғалия ауылдағы 8 жылдық мектепті озат аяқтады. Одан совхоз орталығындағы мектепті де үздік бітіріп, облыс орталығындағы техникумға түскен. Қаладағы үйге Ғалияның қасына серік болсын деп 7-класқа көшкен Қуанышты қосып жіберіп, өздері жұмыстарын жасап, ұсақ балаларды бағып ауылда қалды. Арасында уақыт тауып, балаларға Ғайшаның өзі барып тұрды. Ғалия оқитын техникумға талай бас сұғып, оқытушылардан қызының үлгерімі мен тәртібі жайлы сұрап жүрді. Ешкімнен қызыңыз нашар дегенді естімеді. Қайта оқытушылар Ғалияны жер-көкке сыйғызбай мақтайтын. Әдепті, тиянақты, шаруаға тастай дегендерін естігенде ана көңілі көтеріліп, төбесі көкке жеткендей болушы еді.

Ғалияның мінезі бірінші курстан кейін күрт өзгерді. Қысқы каникулға үйге 3-ақ күнге келген ол жазғы демалыста мүлдем төбе көрсетпей қойды. Жұмыстан шыға алмағандықтан, телефон соғып сөйлесіп еді: «Мама, мен жұмысқа тұрдым. Өз киімім мен тамағымды өзім тапсам деп талпынып жүрмін. Маған алаңдамаңыз. Жаздың соңына қарай бір аптаға барып қайтамын», – деп самбырлай сөйлеп, ана көңіліндегі күдікті жуып-шайғандай болды. Қызының сырына қанық Ғайша жаздың ортасында денсаулығымды қаратып келемін деген желеумен қалаға тартып отырған.

Жексенбі болатын. Қалаға түске дейін жүріп әзер жеткен, әрі артынып-тартынып екі өкпесінен ентіге пәтеріне келіп есік қаққан Ғайша есікті киімі әлем-жәлем бөтен қыз ашқанда шошып-ақ қалды. Үйден темекінің иісі мүңкіп тұр.

– Айналайын, сен кімсің? Ғалия қайда?

– Здравствуйте, апашка, я Соня. Галя на работе, скоро придет. Вы заходите, не стойте там, – деген сөзден шошып оянғандай артынып-тартынып үйге кірді.

Өзін Сонямын деп таныстырған қыз терезелерді ашып, үйді жинастырып жүр. Аузы жабылмайды екен:

– Вы бы заранее сказали, что приедете, мы сложа руки не сидели бы, – деп ыржың-ыржың етеді.

Бұлар өскен ауылда орыс жоқ болғандықтан, Ғайша Соняның айтқан сөзінің жарым-жартысын ғана түсінді.

– Айналайын, Соня, ты домой иди. Қатты шаршадым. Дорога плахой. Ғалия қашан келеді?

– Уже скоро придет она. Давайте я вам чай поставлю, – деп бәйек бола қалған орыс қызына Ғайшаның кәдімгідей іші жылып қалды.

Мына үйде жалғыз қалуға қорыққан ол қызы келгенше Соняны қумай тұра тұруға бекінді. Екеуі отырып шәй ішті. Ауылдан әкелген азық-түлікті орналастырып, қазанға бір асым ет сап қойды. Соня үйді айнадай ғып жинап, жуып шықты. Төргі бөлмеде диван мен төсек тұратын. Ғалия мен Қуаныштың төсегі. Шифонердің бұрышындағы жиналып тұрған раскладушканы да бірден байқаған. Яғни мына Соня бұл үйде біраздан бері бірге тұрып келе жатыр деп топшылады. Алайда, мамыр бітпей ауылға келген Қуаныш орыс қызы туралы ештеңе айтпап еді. Жә, мән-жайды Ғалия түсіндіріп берер деп ары қазбаламады.

Жаңа өмір

Сағат 3-тер шамасында Ғалия да келді. Қызын көргенде шешесі шоқ басқандай ыршып түсті. Баяғы бұрымды қара шашы жоқ, Сонянікіндей шашын шолт кесіп, ол аздай сарыға бояп тастапты. Үстінде етегі тізеден бір қарыс жоғары тұратын тырысқан көйлек. Ауызда сағыз, көйлектің өңіріне көзәйнекті салбыратып тағып қойған. Қапелімде не дерін білмеген Ғайша абдырап қалды. Ғалия да үндемей, кінәлі кейіпте жүзін төмен салды. Осы бір үнсіздікті Соня бұзып, киімілгіштен қалпағы мен жеңіл күртесін алып «Я сейчас» деп есіктен шыға берді.

– Айналайын-ау, Ғалиямысың? Түріңе не болған? Мына киімің не? Ауылдың адамдары көрсе не дейді? Қай бетімді шымшиын, мына түріңді әкең көрсе, мені өлтіреді ғой, – деп сөзін аяқтамай жатып жылап жіберді.

– Мам, жыламашы, шашта тұрған не бар? Бұл – мода. Киімім де ел қатарлы. Қазіргі заманның киім үлгісі осындай. Қашан келдіңіз? Неге ескертпегенсіз? Кездесуге дайын болатын едік қой, – деп шешесін құшақтап, екі бетінен алма кезек сүйді.

Қызын сағынған ана да бар мейірімімен, махаббатымен айналып-толғанып жатыр. Студент қызының сымбаттанып, ажарлана түскенін енді байқады. Десе де, қысқа сары шашы еш көңілге қонбады. Басыңа бірдеңе киіп алшы деп өтінді. Қызыл гүлді халат пен ақ орамалды төгілте тартып Ғалия шыға келгенде, қызының сұлулығына сүйсініп, ұзақ қарап қалды. «Қыз бойжетті деген осы. Әне-міне құда-құдағы атанады екенбіз» деп іштей қиялдап, сол қиялдың жетегімен жүріп, буы бұрқырап тұрған етті қазаннан түсіре бастады. Қамырын илеп жатып:

– Жаңағы Соня дегенің кім? Қазақтан құрбы табылмады ма? Өзі темекі шегетін сияқты. Киімі де алқам-салқам. Тәртібі де нашар ма деп қалдым, – деп сұрақты төтесінен қойды.

– Адамды сыртына қарап бағалайтындарыңыз-ай. Ол өте жақсы қыз. Бірге оқимыз. Соня жетімдер үйінде тәрбиеленген. Ата-анасы, бауырлары жоқ. Маған орысша үйренуге көмектесіп жүр. Өзі де қазақша үйреніп қалды. Жатақхананы жазда ремонтқа жауып тастағандықтан, менің қасымда тұрып жатыр еді. Қуаныш ауылға қайтқалы мен де қорқып, жаныма Соняны шақырып алдым, – деп құрбысының жақсы қырларын жіпке тізіп жатыр.

Соняның жетім екенін естіген-нен кейін-ақ Ғайша жібіп сала берді. Жетімге жәрдем көрсетіп жүрген Ғалияны құшақтап алып, бет-аузынан тамтық қалдырмай сүйіп шықты. Соняны кері шақыртып, үшеуі мәре-сәре отырып ет жеп, шай ішті.

Базарлық

Сол жолы Ғайша қалада бір аптадан аса жатты. Күнұзақ ауруханаларға қаралып, кешкісін қыздармен сықылықтай отырып сырласатын. Қыздардың армандарын тыңдап, арқаларына қанат бітіретін. Ғалия техникумды бітірген соң шетелге барып оқимын деп еді. «Кейін елге келіп сот боламын. Қылмыскерлерге жаза кесіп, жала жабылғандарды ақтап аламын» дейтін. «Айналайын, арманыңа жет» деп батасын да беріп еді...

Қыздары қаладағы кафелердің бірінде даяшы боп жұмыс істейді. Ол кафені Ғайшаның өзі де барып көрді. Табыстары жаман емес екен. Жандарын қинамай-ақ, бұлардың бір айлық жалақысын бір аптада табатын көрінеді. Ғайша келгелі Соня да темекісін шекпейтін болған. Әлде жасырып шегеді. Ауылға қайтардан бір күн бұрын екі қыз Ғайшаны базарға жетелеп барып, бір тиынын да шығартпай шырттай киіндіріп жіберді. Үйге келіп жаңа киімдерін айна алдында қайталап киіп тұрғанда қызы:

– Енді сізді папам танымай қалатын болды ғой, – деп сықылықтап күлді.

– Танымаса, танытармын, – деп Ғайша да мәз болып қалды.

– Бір айдан соң папамды да жіберіңіз. Қысқа дұрыстап киініп кетсін. Кішкентайларға да мол етіп базарлық беріп жіберемін.

– Айналайын, өз керек-жарақтарыңды түгендеңдер. Оқуды дұрыстап оқыңдар. Бізге алаңдамаңдар, – деп, қос қызды құшақтап, қайта-қайта сүйіп қоштасты.

Жайсыз хабар

Ортасынан ауған қазанның таңы. Тау баурайындағы шағын ауылдың тіршілігі енді басталып жатыр. Сарғайған дала, қызыл-сары жапырақ күздің кіргенін айқындап тұр. Жаппай болмаса да, арагідік үйлерден түтін шығып көкке сіңуде. Мал өріске айдалып, енді оқушылар мектепке жиналып жатқан шақ. Ғайша күйеуіне таңғы шайын беріп, жұмысқа шығарып тастап, енді оқушылардың тамағын реттеп жатқан. «Қаладан Қуаныш хабарласып жатыр, тез келсін» деп үш көше ары тұратын ауыл әкімі баласын жүгіртіп жіберіпті. Ғайша тұра жүгірді. Қос өкпесін қолына алып, әкімнен саулық сұраспастан телефон тұтқасына жабысты.

– Алло, Қуантай, тыныштық па? Алло?

– Мама, алло. Ғалия ауылда ма?

– Ғалия?! Жоқ, ол келген жоқ.

– Сені жалғыз тастап кетпейді ғой, құлыным.

– Иә. Кешелі бері Ғалия үйге келген жоқ. Аяқ асты ауылға кетіп қалды ма деп ойладық.

– Қайда кетіп еді?

– Жұмысына кеткен. Мүмкін үлкен қалаға кеткен шығар? Әлде шетелге оқуға кетіп қалды ма? Мама?

– Қасыңда кім бар, балам?

– Соня әпке бар.

– Телефонды берші Соняға.

– Қазір. Мамам сенімен сөйлесем дейді.

– Соня, айналайын, Ғалия қайда?

– Сәлеметсіз бе, апай. Кеше жұмыстан соң үйге оралмады. Түнімен күттік. Хабар жоқ. Қайдан іздерімізді де, кімнен сұрарымызды да білмей отырмыз.

– Ойбай, не дейді? Қазір киіне салып жетем қалаға. Сен Қуаныштың қасында бол, Соня.

– Жарайды...

Телефонды қоя сала, Ғайша қайтадан үйге ұшты. Киініп, буынып-түйініп жолға шықты. Ауылдағы балалардың үлкені Әлиханға «Ғалия ауырып қапты. Мен тез барып келем» деп айтып кетті. Қалаға жеткенше 5 сағатта басын неше түрлі ой жеп, мазасы қашты.

Ақ орамал

Қалаға келе сала Сонядан мән-жайды білмек болған. Екі көзі тас төбесіне шыққан қыз құрбысының ұшты-күйлі қайда кеткенін білмейтінін айтып ағынан жарылды. Жарты айдан бері екеуі екі бөлек кафеде істеп жүр екен. Біраздан бері Ғалияға ақ «жигули» мінген Талғат деген жігіттің келіп жүргенін айтқан Соня ол баланың таяу жерде жұмыс істейтінін білетін болып шықты. Ал, сегізіншіге көшкен Қуаныштың ештеңе білмейтініне көзі анық жетті.

Алдымен Соняның айтуы бойынша Ғалия жұмыс істеп жүрген кафеге барды. Ондағылар Ғалияның бір-ақ күн жұмыс істеп, сол күніне тиесілі еңбекақысын алып кеткенін айтты. «Қызды алып-қашып кеткен шығар» деген де ой сумаң ете қалды. Дегенмен, байыз тауып отыра алмаған ана Соняны ертіп алып Талғаттың жұмыс орнына келді. Зауыт алдында Талғаттың ақ «жигулиі» тұр. Көліктің артқы терезесінің алдында ақ орамал жатыр екен. Орамал Ғайшаның көзіне оттай басылды. Алдында Ғалия таққан осы орамал еді ғой деп ойлап үлгергенше, Талғат та алдарынан шықты.

– Ғалияға келіп жүрген осы жігіт, аты – Талғат. Ал мына кісі біздің мамамыз. Ғалия кеше жұмысқа кеткелі үйге оралған жоқ. Сен қайда екенін білмейсің бе? – деп Соня бастырмалата жөнелді.

Жасы 25-тер шамасындағы жігіт алғашқыда қатты қысылып қалды. Беті ду етіп шыға келді. Артынша алаңдап:

– Жоқ, мен Ғалияны соңғы рет өткен аптада көргем. Маған ештеңе айтпады. Біз аздап ренжісіп қалып едік. Мүмкін соған өкпелеп қалған шығар, – деді ойланыңқырап.

– Амансың ба, балам? Не үшін ренжісіп едіңдер? Ғалия не үшін өкпеледі? – деп онсыз да абдырап, сөзден шатасып тұрған жігітті енді Ғайша сұрақтың астына алды.

– Кездескенімізге аз уақыт болса да, маған тұрмысқа шықшы деп сөз салдым. Үйде 60-қа таяған анам бар. Соған жәрдем бересің деп едім. «Менің әлі орындалмаған армандарым көп. Шетелге барып оқимын. Жұмыс істеймін. Дәл қазір байға тиіп, бала туып отыратын жайым жоқ» деп үзілді-кесілді бас тартты. Содан әңгімеміз жараспай қалды.

– Көлігінде жатқан ақ орамал Ғалиянікі ғой? Ол мұнда қайдан жүр? – деді ана байқұс күдігін жасыра алмай.

– Алдында Ғалияны анаммен таныстыруға апарғам, сол кезде басына тағып келіп еді. Қайтарда қалдырып кетіпті. Көрсем бере саламын деп ойлағанмын. Енді сіз алыңыз, – деп жігіт көлікте жатқан ақ орамалды Ғайшаның қолына ұстатты.

Ғайша бейшара күйде еді. Ақ орамалға бір, Талғатқа бір қарап, Соняны ертіп кете берді. Салы суға кетіп полицияға жүгінді. Қызының жоғалғанын айтып арыз жазды, жылады. Арызын қабылдап алған жігіт «Енді үйіңізге барыңыз. Іздеу жариялау үшін тағы бір күн тосу керек. Сол кезде келмесе, біз жұмысқа кірісеміз» деп шығарып салды.

Сабылыс

Бірақ Ғалия сол күйі келмеді. Ол жоғалғалы 23 жыл өтті. Туысқандары не өлі, не тірісінен бейхабар. Ғайша қызын іздеуге барын салды. Бар малын саудалап жүріп жеке тергеушілерді де жалдады. Бақсы-балгер дегендерді де аралады. Телеарналардағы «Бармысың, бауырым», «Іздеймін» деген хабарларға бірнеше рет шықты. Тіпті, Мәскеудегі «Жди меня» хабарына да арнайы барып қатысты. Ондағысы қызы жайында титтей хабары бар адамдарды табу. Бірақ Ғалиядан хабар болмады. Бақсы-балгерлердің бәрі дерлік «Қызың тірі, оралады» деді. Ал, тергеушілердің бәрі Шәкен деген дөкейге барып тіреліп қалды. Солардың айтуымен Шәкеннің үстінен арыз жазып, құзырлы органдарға жолдады.

Данияр БОЛЫСБЕКҰЛЫ

(Жалғасы бар)

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Жанахмет АҒЫБАЕВ

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Нұр-Сұлтан	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы	Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Маңғыстау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59. Шадияр Мекенбайұлы 87757335665
Батыс Қазақстан облысы	Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 8019 дана
Апталық таралым 16 038 дана

Тапсырыс №18 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын ZANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31